



Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 12 (811) 21 наурыз 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ



Депутаттар бұл күні сессия қарауына шығарылған Мағжан Жұмбаев ауданы мәслихатының 2023 жылғы қызметінің қорытындылары туралы, Мағжан Жұмбаев ауданының тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы, Мағжан Жұмбаев ауданы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы, аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі туралы сұрақтарды қарастырып, комиссия өткізді. Сессияның күн тәртібі мен жұмыс регламентін бекіткеннен кейін баяндаушылар тыңдалды.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Айзада Рахметова «Мағжан Жұмбаев ауданы мәслихатының 2023 жылғы қызметінің қорытындылары туралы» есепті ұсына, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақтыжан Ысқақова «Мағжан Жұмбаев ауданының тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» сөз сөзеді.

Ал ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлжан Женсағұрова «Мағжан Жұмбаев ауданы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» баяндама жасады.

Аудандық мәслихаттың келесі кезекті сессиясының отырысына келесідей мәселелер енгізілді:

МӘСЛИХАТҚА - 30 ЖЫЛ

20 наурыз күні аудандық әкімдіктің отырыс залында аудандық мәслихатының он үшінші кезекті сессиясы өтіп, оның жұмысына - аудан әкімі Қайрат Омаров, Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев, аудан әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшылары, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы, бұқаралық ақпарат құралының өкілі және онлайн режимде - ZOOM платформасы арқылы ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

1. 2023 жылғы Мағжан Жұмбаев ауданының бюджетінің атқарылуы туралы.

2. 2023 жылғы ауылдық округтер мен Булаев қаласы бюджеттерінің атқарылуы туралы.

3. Мағжан Жұмбаев ауданында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы.

Мәслихат депутаттары күн тәртібіне шығарылған барлық мәселелерді қараған соң, бір ауыздан дауыс беріп, шешім қабылдады.

Сессия төрағасы Айзада Нұрпақықызы биыл Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толғанын айтып, еріпестерін келе жатқан Наурыз мейрамымен құттықтады.

- 1994 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасында жергілікті өкілді органдары болып табылатын мәслихаттар-бірінші шақырылған депутаттар жындыларына алғашқы сайлау болып өтті, сондықтан бұл күн мәслихаттардың туған күні болып саналады.

30 жыл ішінде мәслихаттар 8 рет

шақырылды. Аудан мәслихатына барлығы 82 (сексен екі) депутат сайланды. Оның ішінде: екі шақырылымға - 19 адам, үш шақырылымға - 4 адам (Бәкіров Ермек, Сериков Валерий, Сысоева Наталья, Шәкімов Мұқарам) және төрт шақырылымға - 3 депутат (Төлеген Әбілмәжінов, Гүлбану Сағындықова, Жәния Хайдарова) сайланды.

Депутаттық корпус құрамына әрқашан түрлі салалардың өкілдері: білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ауыл шаруашылығы құрылымдарының қызметкерлері, шағын және орта бизнес өкілдері енгізіледі. Олар кәсіби, өмірлік, сондай-ақ басшылық тәжірибесі жеткілікті, ауданның экономикасы мен әлеуметтік саласына елеулі үлес қосқан тәжірибелі, жауапты адамдар. Өз қызметі бойынша олар күн сайын халық арасында болады, саялаушылардың жеке, қоғамдық немесе әлеуметтік мәселелерін біледі, - деді аудандық мәслихат төрағасы.

Депутат болу - мансап емес, зор жауапкершілік, халықтың сеніміне ие болу. Ауданымыздағы сондай тұлғалардың

бірі - аудандық мәслихаттың соңғы төрт шақырылымының депутаты, бесінші, алтыншы және жетінші шақырылымдағы төрағасы, қазір «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы, депутат Төлеген Әбілмәжінов.

- Биыл Қазақстанда жергілікті өкілді органдар - мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толады. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» 1993 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен өкілді және атқарушы билік органдарының өкілеттіктері бөлінді. Халық кеңестерінің депутаттары мәслихаттар-депутаттар жиналыстары болып қайта құрылды. 1994 жылдан бастап мәслихаттар өз жұмысын бастады. Дәл сол кезден бастап Егемен Қазақстанның өкілді билік органдарының қызметі есептеліп келеді.

Халық аманатын арқалаған, және оны өз мезгілінде жоғары жауапкершілікпен атқарған халық қалаулылары мен аппарат қызметкерлеріне шынайы алғысымыз біздіктеріміз. Әріптестер, Сіздерді мәслихаттың 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын, - деді Төлеген Әлжанұлы.

Сессия соңында аудан әкімі Қайрат Омаров та депутаттарды Қазақстан мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл тоулымен және Наурыз мейрамымен құттықтап, зор денсаулық, бақыт, табыс пен биік жетістіктер тіледі.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

ӘЗ-НАУРЫЗ - ЖЫЛ БАСЫ, ЖАҚСЫЛЫҚ, ЖАРШЫСЫ!

Құрметті солтүстік қазақстандықтар!

Сіздерді Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Тамыры тереңге тартатын Наурыз мерекесінің Жер-ананың бауыры жібіп, айнала жаңара бастаған кезбен сәйкес келуінің өзі адамзатты жаңашылдыққа, сенім мен жігерге, бейбітшілік пен махаббатқа шақырады.

Бұл - ата-баба үшін қадірлі болған күн. Бір-біріне қонаққа бару, барлық ренішті кешіру, ағаш отырғызып, үйдің айналасын тазалау, шаруашылықты реттеу, бай дастархан әзірлеп, жылы тілектер айту бұрыннан жалғасын тауып келе жатқан әдемі салт-дәстүріміз.

Еліміз Тәуелсіздік туын желбіреткеннен бері Наурыз жалпыхалықтық мерекеге айналды. Бұл күні қазақстандықтар ұлт пен дінге бөлінбей ортақ тойлайды.

Наурыз - еліміздің жаңаруы мен жаңа құндылықтарды қалыптастыру жолындағы бірлік,

бауырластық пен ынтымақтастықтың мерекесіне айналды.

Бүгін, біз, болашаққа деген сенімді жігерлендіретін ел дамуының жаңа кезеңіне аяқ бастық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеген мақсаттарды бағытқа алып, дамудың сара жолымен келеміз.

Қасиетті жаңару күнінде Сізге және жақындарыңызға шын жүректен денсаулық, табыс, амандық, өркендеу және бейбітшілік тілеймін.

Жалпыхалықтық Наурыз мейрамы біздің жерімізде өмір сүріп, еңбек етіп жатқан барлық азаматтарымыздың басын біріктіре түсетін ынтымақ пен сыйластықтың жалғасы бола берсін!

Ғауыз НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті мағжандықтар!

Сіздерді көктемнің керемет мерекесін Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз күндері ұрпақтар арасындағы байланыс ерекше айқын көрінеді, өйткені тату көршілік, қонақжайлылық, үлкендерге деген құрмет, жақсы қарым-қатынас дәстүрлері әр отбасында сақталған. Бәрімізді біртұтас ұмтылыстар мен жаратылыс энергиясы біріктіреді. Әрқайсысымыз ең құндысын бөлісуге, қуанышпен ортақтауға және қиын сәттерде жақындарымызға, достарымызға, көршілерімізге көмектесуге дайынбыз. Халқымыздың бірлігі мен толеранттылығы Қазақстанның серпіні және сенімді дамуының негізіне айналды. Ауданда

әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары жоспарлы түрде іске асырылуда, оған сәйкес ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесі қолдау, халықтың әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылданады.

Наурыз мейрамының көктемгі мерекесі бізді жаңа еңбек және өмірлік жетістіктерге шабыттандыратынына сенімдіміз!

Әр үйге, әр отбасына бейбітшілік пен келісім, денсаулық, бақыт пен амандық тілеймін!

Қайрат ОМАРОВ,
аудан әкімі.



МЕРЕКЕГЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Құрметті аудан тұрғындары!

Наурыз мейрамын мерекелеу 22 наурыз күні сағат 11.00-де Булаев қаласының ерталық алаңында өтеді.

Мерекеді көңілді бағдарлама, «Салт-дәстүрлер» фестивалі, қолөнершілер көрмесі, ұлттық спорт ойындары, мерекелік сауда ұйымдастырылады.

Барша мағжандықтарды Қыстың Қызы күнін тойлауға шақырамыз!

Ғылымдастыру комитеті.

**Құрметті қауым!
Ардақты ағайын!**

Ең алдымен, мен баршаңызға Көрісу күні құтты болсын дегім келеді. Қыстан аман-есен шыққан туған-туыс, ағайын бір-бірімен қауыштып жатыр. Ел арасында Көрісу күні еліміздің батыс аймағына тән мереке деген түсінік бар. Бірақ бұл қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрі екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан біз тұтас ел болып, Наурыз мейрамын осы күннен, яғни Көрісу күнінен бастап тойлағанымыз жарасымды болары сөзсіз.

Биыл Ұлыстың Ұлы күні қасиетті Ораза айының алғашқы күндерімен тұспа-тұс келіп отыр. Ұлттық құрылтай да Әз-Наурыз қарсаңында өтіп жатыр. Ұлыстың Ұлы күні табиғат пен тұтас тіршілік жаңарады. Ал құрылтайда қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалады. Жаңа мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады. Сондықтан құрылтай мүшелерінің жылына бір рет алқалы жиянда бас қосуы игі дәстүрге айналды.

Алғашқы отырыс ұлт ұясы Ұлытау жерінде өтсе, бытыр киелі Түркістанда жиналды. Бүгін тағы бір тарихи өлке – Атырау облысына келіп отырмыз. Үшінші отырыстың Жайық жағасында өтіп жатқаны тегін емес. Әйгілі Сарайшық қаласы осы жерге тиіп тұр. Бұл шаһар Ұлық ұлыстың, кейін Қазақ хандығының маңызды әкімшілік және сауда орталығы болғаны тарихтан белгілі. Ұлы Жібек Жолының бойында тұрған қала бір кездері айрықша геостратегиялық рөл атқарған. Батыс пен Шығыстың экономикалық, саяси, мәдени қарым-қатынасына ерекше ықпал еткен. Атақты хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ел билеген. Бірқатары Сарайшыққа мәңгілік мекенін тапқан. Тарихшылардың пайымдауынша, Қазақ хандығын қуатты мемлекетке айналдырған Қасым хан осында жерлеген. Бір сөзбен айтсақ, Сарайшық – төл шежіремізде айрықша орны бар киелі шаһар.

Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркеніетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды.

Алдыңғы екі отырыста елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерілді. Оның біразы орындалды. Жалпы, өзгерістер барлық салада болып жатыр. Мен бытыр күздегі Жолдауымыда жаңа экономикалық саясатқа көшетінімізді айттым. Ақпанның басында Үкімет ауысты, жаңа міндеттер жүктелді. Дегенмен нағыз дамыған ел болу үшін тек экономикалық мақсат қою жеткіліксіз.

Әлеуметтік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шараларды қолға алудымыз керек. Сондықтан биыл Ұлттық құрылтайды жылдағы жазада емес, ертерек өткізіп отырымыз. Осы арада бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімізді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл есті зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөз өтетін аға бұрынғы орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек өңгіме айтуы қажет. Жазушылар Одағының төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Мереке Құлқенов жақында осы мәселе туралы орынды пікір білдірді. Халқымыздың көрнекті тұлғалары бірін-бірі мойындап, өзара құрмет көрсете білсе, ұлтымыз ұясы түседі деп айтты.

Қазір ертеде өткен оқиғаларға, белгілі бір тұлғаларға қатысты тақпалау көбейіп барады. Қаламгерлеріміз, тіпті, Шаңғыс ханның тегі кім деп, айтысып-тартысып жататын болды. Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының аяқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне ірікті салатын мұндай дау-дамайдың еш қажеті жоқ. Әр дөңірдің өз ерекшелігі бар. Әрбір тұлға өзінгі көзқарасына, дүниетанымына қарай және өз қоғамының мүддесіне сәйкес елге қызмет етті. Олар, яғни, сол заманның қайраткерлері бір кездері ұстанған бағытына бола дауласса, ендігі ұрпақ кімнің иесі дүрсіс, кімдікі бүрсе деп даурығып жүр. Жалпы, бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Түптеп келгенде, мұның бәрі – біздің тарихымыз. Бұл – халқымыздың жүріп өткен жолы. Сол себепті, қалай десек те, тарихымызға шынайы көзбен қарап, оны сол қалпында қабылдауымыз керек.

Ұлт жылнамасы елді біріктіретін фактор болуға тиіс. Ашығын айтуымыз керек, біз тарихқа көлгенде көбінесе эмоцияға беріліп кетеміз. Өткен заманды орыныс қазбалар жақсылық әкелмейді, оның пайдасынан гөрі, зияны көп. «Өспейтін елдің баласы өнбейтін

дауды қуады» деп бекер айтпаған. Өткен іс өтті, енді оны ешкім өзгерте алмайды. Уақыт ең әділ төреші екенін ұмытпайық. Бізге бітпейтін дау-дамай емес, мызғымас ынтымақ пен бірлік керек. Қазіргі тарихи кезеңде халқымыздың сөзі де, іс де – бір болуы қажет. Сондықтан зиялы қауым, ең алдымен, еліміздің бірлігін нығайтуға баса назар аударғаны жөн.

Аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі керек. Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп. Біз олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Ұлы Абайдың «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен, істің бәрі – бос» деген сөзі елімізге өзекті болып тұр. Мен зиялы қауым өкілдерінің бір-біріне әрдайым тілектес болғанын қалаймын. Өзара жаңашыр болу, түптеп келгенде, елге жаңашыр болу деген сөз. Тағы да қайталап айтықым келеді: ұсақ-түйек өңгімені қою қажет.

Қазақты бөліп-жаруға болмайды. Біз жалпыұлттық деңгейде ойлауға ұмтылуымыз керек. Мысалы, әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағзым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени кодымыздың ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды.

Соңғы кезде ата-бабасының жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналды бардақ. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өтінітіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ төрбесіне кесірін тигізеді. Тіпті, шетелде бізді көне заманға және кеңестік кезеңге қатысты мемуанттер қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды.

Ономастика саласында белгілі тарихи тұлғалармен қатар, жалпыұлттық құндылықтар да назардан тыс қалмауға тиіс. Тәуелсіздік, республика, бірлік сияқты мемлекеттілігіміздің басты тұғыры саналатын негізгі ұғымдарға баса мән беру керек. Елдігімізді сақтаймыз, мықты мемлекет боламыз десек, осының бәрін естен шығармаған абзал.

Шын мәнінде, жеке мүддесін емес, ел мүддесін бөрінен биік қоятын азаматтар ұрпаққа үлгі болуы қажет. Әсіресе, қазіргі геосаяси жағдайда бұл міндет аса маңызды екенін ұмытпаған жөн. Осы арада мен әйгілі қаламгер, көрнекті мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевты айрықша атап өткім келеді. Ол – руханият саласында, мемлекеттік қызметте ерекше қолтаңбасын қалдырған біртуар тұлға, классик жазушы. Мен Әбекемнен қызметте болдым, жақын араластым. Әбіш Кекілбайұлы нағыз тау тұлғалы азамат еді. Ол ішкі мәдениеті өте жоғары жан болатын. Ешқашан біреуді біреуге қарсы қоймайтын, бөріне сүйіспеншілікпен қарайтын. Әр аймақта өзіне сөлем беруге келген азаматтарға есігі қашанда айқара ашық еді. Онымен тілдескен адамдар рухтанып, қанаттанып шығатын. Әбекең ұсақ-түйек өңгімеге берілмейтін, жалпы адамзатқа ортақ мәселелер туралы ойланатын, толғанатын. Бір сөзбен айтсақ, Әбіш Кекілбаев нағыз зиялы адам, көмеңгер тұлға болды.

Сондай-ақ бүгін ортамызда Құрылтай мүшесі, аса көрнекті мәдениет қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Илия Жақанов орып. Ілекең де – нағыз мемлекетшіл тұлға, зиялы қауым ішіндегі аса беделді ағамыз. Әрдайым салмақты ой, салмақты пікірмен елге сыйлы болып жүрген ардақты азамат. Біз халқымыздың осындай перзенттерін, олардың өмір жолын жан-жақты дәріптеуіміз керек, лайықты құрмет көрсетуіміз қажет.

Келесі мәселе. Тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып қала беруді. Бұл – біз үшін мызғымас ұстаным. Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі тәте жолы – ағартушылық. Қазір ірі кітап дүкендерінде қазақ тіліндегі туындылардың үлесі арта түсті. Соңғы кезде баспагерлердің жаңа буыны өлемдік бестселлерге айналған шығармаларды аударып жүр. Көптеген кітаптарды шығарып жатыр. Аударылған кітаптардың ішінде көркем әдебиет қана емес, іскерлік бағыттағы туындылар да көп. Мемлекеттік саясаттың мәні – осында.

Ешкімді мәжбүрлемей, күнделікті өмірдегі қажеттілік артыру арқылы тіліміздің тұғырын нығайта береміз. Мемлекеттік тілге қатысты құр сөзден ештеңе шықпайды. Ең бастысы, нақты іс болуы керек. Осы тұста, халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» туралы ерекше атап өткім келеді. Қазір Ұлттық құрылтайдың мүшесі Рауан Кенжеханұлы бастаған жаңа буын келуді үнемі тізгінін қолға алды. Мен қоғамның «Qazaq тілі» эндаумент қорын құру туралы ұсынысын қолдадым. Осы жақсы бастаманы қолында қаржысы бар азаматтар жалғастырып ақетті. Тілімізге қамқорлық танытқан жандарға ерекше ризашылығымды білдіремін. Қалталы, жаңашыр азаматтар қорды ұлғайтуға улес қосады деп сенемін.

Мен экономиканы дамыту үшін «Креативті индустрияның» мән-маңызы зор екенін үнемі айтып жүрмін. Бұл мемлекеттік тілдің болашағы үшін де өте маңызды. Қазақ тілін

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі жарияланды.



дамытамыз десек, қазіргі заманғы әдістемелерді барынша тиімді пайдаланған дұрыс. Тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала төрбесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – екіншіше қарай, ақиқат. Балалар тұлғи, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тиым әуес.

Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналмамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Токсаншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мәлім, мен бытыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің талпырымам Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін басқа да ауқымды шараларды қолға алу қажет. Алматыда кейбір кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылды. Онда жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік бар. Облыс әкімдері осы жақсы тәжірибені жалғастыруы керек.

Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұрмухамедов, Айдос Сарым, Данияр Ашымбаев бастаған құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу қажет. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең тәте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек.

Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы далалары көшпенділер өркеніетінін тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның бытпақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Ұлық Ұлыстың жерінде сан алуан этнос және дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүрді. Түрлі мәдениеттер өзгеше аласып, мемлекет құру ісін бірегей елге қалыптасты.

Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырына тікелей ықпал етті. Ұлан-ғайыр аумақта біртұтас өркеніет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлы даланы мекен еткен халықтардың сан гасырлық даму бағдарын айқындап отырды. Ұлық ұлыс мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында.

Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толады. Бүгінгі жиналымыз да осы мерейлі белекше тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз аста-төк той жасауға емес, салмақты зерттеу жүрізуге баса мән беріміз керек. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттік дәстүрінде айрықша орын алды.

Еліміздің өткені, бүгін мен болашағы оның тарихи мұрасымен тығыз астасып жатыр. Ендеше, Алтын Орда туралы халықаралық

аренадағы түсінік Қазақстанмен тікелей байланысты болуы керек. Жақында Алтын Орданың тарихы және әйгілі тұлғалары туралы көп сериялы деректі фильм түсіру үшін тиісті жұмыстар басталды. Оған шетелдің танымал мамандары тартылып жатыр. Фильм белгілі халықаралық платформалар арқылы көрсетілуі керек. Жалпы, елімізді өлемге таныту үшін Алтын Орда брендин жан-жақты және кеңінен пайдалану қажет. Оны толық зерттеу үшін табанды жұмыс істеу керек. Бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. Менің бастамамен Жошы Ұлысын зерттейтін ғылыми институт құрылды.

Қазір Қазақстанның жеті томдық жаңа академиялық тарихын жазу үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Оған 250-ден астам ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман жұмылдырылды. Академиялық басылымның осындай үлгісін әзірлеу тәжірибесінде алғаш рет Жошы ұлысына жеке том арналмақ. Оны дайындауға Ресейдің көрнекті тарихшысы Вадим Трепавлов та атсалысты. Өкінішке қарай, ол жақында өмірден озды. Бірақ Вадим Трепавлов өте құнды зерттеу материалдарын әзірлеп, оны көптомдықтың редакциялық алқасына табыстап кетті. Бұл – Қазақстан мен Ресейдің тарихи мектептері арасындағы тиімді ықпалдастықтың жарқын көрінісі.

Биылғы Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып сайланды. Мұндай мүмкіндікті ұтымды пайдалануымыз керек. Алтынемел және Барсакемелс ЮНЕСКО мұралары тізіміне енгізілді. Рухани маңызы бар жұмысты жалғастыру қажет. Елімізде қайталанбас табиғи және тарихи мекендер көп. Осындай төндесі жоқ орындардың бірі – Біздің ұлттық мақтанышымыз бұл – Үстірт қорығы. Ондағы тылсым табиғат көріністері туристердің ерекше қызығушылығын тудырады. Шетелдің танымал кәсіби фотографтары оны суретке түсіру үшін алыстан арнайы келеді.

Бұл жерде тағы бір таңғажайып мұра – жерасты мөштітер. Батыс аймақта осындай 20-дан астам мөшіт бар. Тарихи нысандар өртүрлі кезеңде салынған және бір-бірінен өзгеше. Мұның өз еліміздің рухани кеңістігінде ерекше дәстүрлер болғанын және тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Біз оның бәрін мұқият сақтап, жер жүзіне танытуымыз қажет. Мен тиісті мемлекеттік органдарға Ұлттық комиссиямен бірлесіп, осы нысандарды ЮНЕСКО мұралары тізіміне қосу жөніндегі жұмысты бастауды тапсырамын.

Қазақстанда «Таңбалы тастар мекені» деп бекер айтпайды. Ешкілемес жотасы – Еуразия құрлығындағы петроглифі өң көп жердің бірі. Арпаөзен, Құлжабасы, Сауысқандық сайларында көптеген тарихи сурет сақталған. Бұл жердіктер – Дала өркеніетінің сан мың жылдық шежіресі. Соңғы жылдары құрылысқа қажет деген желеумен кейбір жергілеріміз бүлініп жатыр. Біз төндессіз тарихи нысандарымызды жоюға жол бермей, мұқият қорғауымыз керек. Құзырлы органдарға тиісті шара қабылдауды тапсырамын. Қажет болса, заңнамаға өзгеріс енгізу мәселесін қарастыраған жөн.

Біз бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керек. Елімізде кәсіби археологтар тапшы, археологиялық қазба жүргізу үшін лицензия беру ісінде шешімін таппаған түйткілдер бар. Соның салдарынан Қазақстанның археология саласындағы күмәнді адамдар жайлап алды. Олар құрылыс фирмаларына жекемен жер телімдерінің тарихи-археологиялық маңызы жоқ деген жалған ғылыми қорытындылар беріп жүр. Осы қызметі үшін қыруар ақша алады.

ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС»

Дәл сол сияқты «қарақшы-археологтар» мәселесі де бар. Соңғы жиырма жыл ішінде еліміздегі аса маңызды археологиялық ескерткіштердің көбі әбден тоналды. Тіпті, еліміздің аумағынан табылған құнды жәдігерлерді Қазақстандағы, шетелдегі жеке коллекциялардан және өлеңнің әртүрлі мұражайларынан көретін болдық. Бұл мәселені шұғыл қолға алу керек. Атап айтқанда, археология саласына қатысты заңдарды жетілдіру, лицензия беру ісін реттеу және археологиялық қазба жұмыстарын заңсыз жүргізілі үшін жазаны күшейту қажет. Тарихи-мәдени мұра санатына кіретін нысандарға реставрация жасау ісін ретке келтіретін шараларды күшейткен жөн. Тарихи жәдігерлерімізді шетел мұражайларынан Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру да маңызды. Ондай мүмкіндік болмаса, еліміздегі мұражайларға қою үшін жәдігерлеріміздің дөңгелек көшірмесін жасау керек. Әртүрлі фракцияның өкілі әрі Құрылтай мүшесі саналатын Мәжіліс депутаттары бұл мәселені шешуше күш-жігерін салады деп сенемін.

Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымада Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жаңаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдарыма қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын Жаңа жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Әл Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, Керісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күнін өз атауы болады. Соның бірі Ұлттық күні күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты кімінен танытын болуы керек. Мен бытыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым.

Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақшыта киіну үрдісін өңгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн. Әсіресе, қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша. Себебі соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, тұмшаланып жүретін адамдар пайда болғаны баршаңызға мәлім. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіре-діншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашықшабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйейміз керек. Еліміздің рухани дербестігін сақтап, оны нығайта түсеміз десек, түркі халықтарының көшілігін, соның ішінде қазақтардың дәстүрлі діні – сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабына ден қоюымыз қажет.

Дүниеге ақыл-парасатпен қарау және еркін ойлау секілді ханафизмге тән қасиеттер ислам өркениетінің қайта өрлеуіне жол ашты. Сондай-ақ біздің өңірде өнер-ғылымның өркендеуіне және Әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдардың тарих сахнасына шығуына ықпал етті. Ислам дінінің Ұлы дала төрінде талты, тамыр жаюына орасан зор үлес қосқан, түркі өлеміндегі сопылық ілімінің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи мұраларын терең зерттеп, дәріптеуге де айрықша назар аударған жөн. Бұл мәселе бойынша ең әуелі өз еліміздің және шетелдің ғалымдарын шақырып, арнайы симпозиум өткізу қажет.

Осы орайда, Ясауи кесенесіне қатысты және жәдігер туралы айта кеткім келеді. Ислам елдерінде әйгілі діни қайраткерлерінің бейіті міндетті түрде жапқышпен жабылады. Мәдинадағы Мұхаммед Пайғамбардың қабірі де осылай бүркелген. Бұл – Ислам өркениетінің дәстүрі. Ал қасиетті Түркістандағы Ясауи қабірінен көптен бері арнайы жапқыш жоқ. Талай заманнан келе жатқан көне жапқышты қалпына келтіру жұмысы біраз жыл бұрын басталып, аяқсыз қалған. Мен құзырлы мемлекеттік органға осы құнды мұраны тезірек сапалы жөндеуден өткізіп, тарихи орнына қайтаруды тапсырдым.

Біз халқымыздың рухани негізін құрметтей отырып, мемлекетіміздің зайырлы ел ретіндегі мәртебесін күшейте түсіміз керек. Қазақстан елінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бөріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, я болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен төл мәдениетімізге жат әрі өлеңнің дуалистік негізіне керісара құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де! Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Таразы басында ескеңеу ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде сөнге айналған жаңа

үрдістер де әсер ете алмайды.

Біз дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беругіміз қажет. Ислам қағидаларын ересек бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн. Мұндай отбасылардың тұрмыс-тіршілігі ғылым мен техниканың жетістіктеріне толы XXI ғасырдың өмір салтына мүлде үйлеспейтін сорақы тыйымдар мен тәртіптерге негізделген. Кейбір адамдар әдейі кері жетуді қалап, орта ғасырларға тән ескі таным-түсінік пен іс-әрекетке бой ұратын сияқты көрінеді.

Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда ер азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек. Сондықтан мұндай ақылға сыймайтын әрекеттерді қатаң сыңға алу жеткілікті. Оған құқықтық баға беріліп, біржола тосқауыл қойылуға тиіс.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз.

Жұртымыздың өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Біз осы мәдени кодымызды сақтап, бабалар жолымен жүрміз десек, Ұлттық бірегейлігіміз мемлекеттік рәміздерде айқын көрініс тапқан. Мен бытыр аймақтардың нышанын, яғни символикасын жүйелеп, бірыңғай стандартқа келтіру қажеттігін айттым. Нышандардан сол өңірдің ерекшелігімен қатар, еліміздің болмыс-бітімі де байқалуға тиіс. Қазір осы бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Бұған мамандар, сарапшылар және белсенді азаматтар атсалысуда.

Сонымен қатар олар Мемлекеттік нышандарымызды түгел жаңғырту туралы пікір айтып жатқанын білемін. Біздің Көк туымызда мін жоқ. Онда еліміздің бірегей болмысы нақты бейнеленген. Әнұранымыз да нағыз ұлттық рухты паш етеді. Қазақтың Әнұраны өлеңнің әр түрлірінде шырылған жүр. Жаңа жылда жаңындарымыздың ортасында Әнұранмен қарсы алу жақсы дәстүрге айналды. Бір сөзбен айтсақ, Әнұранымыздың сөзі де, әуені де халықтың жүрегіне әбден орныққан.

Ал Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербеке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ой есіне бей-жай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдау ескеруісіз қалмауы керек. Ортақ келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады.

Ұлттық бірегейлігімізді нығайтумен қатар, ел қорғаған ерлердің есіміне жадымызда жаңғырту да маңызды. Қазір көптеген мемлекетте өткен күннің елеулі оқиғаларына қатысты көзқарастар ақпараттық және саяси ойынның құралына айналып барады. Екінші дүниежүзілік соғыс ескі шежіреге айналған сайын тарихи және әскери тақырыптары алып-қашпа аңыз әңгімелер көбейе түсті. Қазақстан ерқашан тарихи шындықтың және адамзат жылнамасындағы ең қанды қаспал туралы шынайы көзқарастың сақталғанын қалайды. Келесі жылы өлеміз Ұлы Жеңістің 80 жылдығы кеңінен атап өтіледі. Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин дұрыс айтты, айтулы датаны мерекелеуге дайындықты қазірден бастауымыз керек.

Соңғы жылдары мемлекетіміз тарихи әділдікті қалпына келтіруге баса мән беріп отыр. «Төл шежіремізді ақтандық беттерін» ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Өткенді саралап, ашу шынайы баға берудің маңызы зор. Сол үшін мұрағат материалдарын мұқият зерттеу қажет. Осы орайда «Қазақстанның қаһарман майдангерлері» жобасын ерекше атап өткім келеді. Жобаға Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Бақтықожа Ізмұхамбетов жетекшіліктеді. Зерттеушілер бұл жұмысын отыз жыл бойы табанды түрде айналысып келеді. Осы кезеңде Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің тағдыры мен ерлігі туралы БС 56 том еңбек жарық көрді. Оның 6 томы майдан шебінде болған әйелдерге арналған.

Жеңістің 80 жылдығына орай зерттеулер тың қарқынмен жалғасуда деп сенемін. Сурапыл соғыс кезіндегі аға буынның өшпес ерлігі мен ерен еңбегін ұрпақ жадында жаңғырту өте маңызды. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра береді.

Мәлік Фабуллин, Сабыр Рахимов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және басқа да батырлардың есімі елді мекендер-

ге, түрлі нысандарға, кешелерге берілген. Училишелерді, авиация базаларын және әуежайларды батыр қырандарымыздың есімімен атау дәстүрге айналды. Мысалы, Ақтөбедегі Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты Талғат Бигелдиновті атымен аталады. Қарағандыдағы авиация базасына Нұркен Әбдіровтің, Атыраудағы халықаралық әуежайға Хиуаз Доспановтың есімі берілген. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру қажет. Осы орайда майдан шебінде ерекше қаһармандығымен дараланған әйгілі ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Сергей Луганскийдің ерлігі лайықты бағалануға тиіс. Алматының бір көшесі осы қалада туған даңқты ұшқыштың есімімен аталады. Қазақстан әуе қорғанысы күштерінің Талдықорғандағы әуе базасын да Сергей Луганскийдің атымен атаған жөн деп санаймын.

Сондай-ақ біз кезінде ерлігі өленбей қалған батырларымызға «Халық қаһарманы» атағын беруді игі дәстүрге айналдырдық. Ең жоғары әскери атақ 2022 жылы марқұмдар Төлеуғали Әбдібековке, Александр Несмиановқа және Ыбырайым Сүлейменовке берілді. Ал 2023 жылы жүз жасаған ақсақалдарымыз Әбдіғали Қаймолдин мен Иван Галич осы мәртебеге атаққа ие болды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы батырлардың ерлігі – бүгінгі және болашақ Отан қорғаушылар үшін шынайы үлгі-өнеге.

Еліміздің жылнамасына есімі алтын әріппен жазылған батырларымыз аз емес. Мен халқымыздың осындай үш даңқты перзентіне және тоқталғым келеді. Майданда взвод командирі ретінде аттанған Сағадат Нұрмағамбетов соғысты Берлин түбінде батальон командирі болып аяқтады. Сурапыл соғыстың барлық қиындығын көрген ол Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі болды. Айрықша қолбасшылық қабілетімен аты аңызға айналған тағы бір тулға – Бауыржан Момышұлы. Ол майдан шебінде ең қиын шайқастарға қатысты, батальон, полк, дивизия басқарды. Оның қоршаудан шығу тәсілі кейін соғыс өнеріне «Момышұлы спиралі» деген атаумен енді. Рақымжан Қошқарбаевтың өшпес ерлігі де бүгінде еш талас тудырмайды. Ол – алғашқылардың бірі болып Рейхстагқа түскен батыр.

Мен бытыр Ұлттық құрылтайдың отырысында бірқатар ордендерді көрнекті тулғаларымыздың атымен атау туралы айтқандымыз білесіздер. Мұндай тәжірибе көптеген елде бар. Бұл отандылықты және ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға ықпал етеді. Қазір мемлекеттік наградалар жүйесін жетілдіру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыспен Республикалық комиссия айналысып жатыр. Елімізде әскери және күшті құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар. Осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атаған жөн деп санаймын. Бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам болмақ. Сол арқылы қаһармандарымыздың ерлігін ұрпақ жадында жаңғыртымыз. Бұл бастама осы марапаттың мазмұнын байыта түседі. Халқымыздың біртуар перзенттеріне тән ерлік рухы осы ордендердің мәртебесін биіктейді. Сондай-ақ награда иегерлеріне Отанымызға қалтқысыз қызмет етуге ерекше жігер береді. Мен бұған көміл сенемін.

Келесі мәселе. Біз жақсылыққа жетеміз десек, жақсымыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылуымыз қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жақсымыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттық жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – өріне, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын есiet. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жанаңдану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе, біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек. Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек бытырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Зансыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды.

Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз ұланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін. Қазір есірткі сатқан қылмыскер қатаң жазаға тартылады. Менің ұсынымым: есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын.

Мен бытырғы Құрылтайда балалар мен жастардың денсаулығына, яғни тұтас ұлттың

бөлашағына орасан зор зиян келтіріп жатқан «вейпердің» таралуына тосқауыл қою үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айттым. Қазір Парламентте вейперді елге әкелген, оны өндірген және таратқан адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартуды көздейтін заң жобасы қаралып жатыр. Бұл қанда бүгінде санға айналған осы бір қауіпті кеселдің таралуын едәуір шектеп, бетін қайтаратынына сенімдімін.

Денсаулыққа зиян әрі ұят едетің бірі – насыйбай ату. Оның қалай жасалатыны – белгілі, ешқандай санитарлық талап сақталмайды. Құрамында түрлі дертті, соның ішінде онкологиялық ауруларды қоздыратын заттар бар. Насыбайды өндіруге және таратуға 2015 жылы тыйым салынған. Бірақ әлі күнге дейін көшеде, тіпті азық-түлік дүкендерінде ашық сатылып жатыр. Құқық қорғау мекемелері ешқандай шара қолданбай жатқан жоқ. Қазір – XXI ғасыр, жоғары технология мен жасанды интеллекті қарқынды дамыған заман. Ал біздің азаматтарымыз аузына насыйбай салып, қақырып-түкіріп жүреді. Осы жақсымыз қылықты ата дәстүрі санайды. Шын мәнінде, бұл – барып тұрған мәдениетсіздік. Оны тоқтату қажет. Жалпы, насыйбай өндіріп, оны таратқаны үшін заң жүзінде белгіленген жауапкершілік тым төмен. Қазір осыған қатысты заңдарға түзету енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Онда вейп қана емес, насыйбай таратқаны үшін де қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. Бұл қадам насыйбайға толық тыйым салуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ақпарат құралдары арқылы жан-жақты түсіндіру жұмысы жүргізілуі тиіс. Бұл – ұлт саулығына да, еліміздің абырой-беделіне де кесірін тигізетін әдет. Біз өркениетті ел боламыз десек, одан толық арылуымыз керек.

Сол сияқты тағы бір қауіпті кесел – лудомания, яғни құмарпаздық. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – бүкмеркерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жақ ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті өрмегіне айналып барады.

Құзырлы органдар бытыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады. Біз нашарқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін көшеден жоспар қабылдадық. Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет. «Аманат» партиясы фракциясының бастамасымен осы мәселе бойынша тиісті заң жобасы әзірленді. Парламентте қаралып жатқан сол жобаны осы сессияның соңына дейін қабылдау қажет. Біз жастардың құмар ойынына салынып, арзан табысқа ұмтылуына қол бермеуіміз керек. Адал еңбекпен тапқан табыс қана берекелі болады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия да қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс. Ашығын айтсақ, қоғамда қатгездік күшейіп барады. Бйреуге тіл тигізіп, арнамысын таптап, тіпті, ұрып-соғуға дайын тұратындар аз емес. Жедел жәрдем және қоғамдық көлік жүргізушілеріне шабуыл жасалғанын білесіздер. Адамға өлімжеттік кесеттер, қорлау дұрыс емес. Мұндай теріс әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. «Ауруын жасырған өледі». Сондықтан біз осы қоғамдық дертті жасыймай, ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз үйде де, түзде де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіз ортада өмір сүруі керек. Заң мен тәртіп қатаң сақталуы тиіс. Еңі қоғамда Заң үстемдігі болуы қажет. Яғни бастысы, біз мейірімді әрі мәдениетті ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

Тағы бір кесел, бұл – вандализм. Өкінішке қарай, қоғамдық мүліктен бастап, мыңжылдық мәдени мұраларға дейін – бәрін жаппай бүлдіру кейінгі кезде әдетке айналған. Бұрабайдағы Жұмбақтасты, Баянауылдағы Кемпіртасты қараңыздар. Ең жауһар жерлеріміздің сулулығы шимайды астында қалып жатыр. Үйдің лифтіні, ауладағы ойын алаңын, көшедегі аялдаманы қиратудың қандай қисыны бар?! Мұның бәрі – барып тұрған тәртіпсіздік, мәдениетсіздік. Өркениетті елдің әрбір азаматы қоғам мүлкін өз мүлкіндей қорғауы керек. Дүние жүзінде, нақты айтқанда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Сингапурда жағымды мысалдар көп, осы елдер көпке ұлғ болып отыр. Ал біз неге олардан кем болуымыз керек? Келесі түйткіл – ысырапшылық. Шын мәнінде, ырыстың бастауы – үнемшілдік. Дамыған елдерде жарық пен суға дейін үнемдеп пайдалану жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениетке айналған. Ал бізде бұған мүлде керісара жағдай қалыптасқан. Миллиондаған адамның ысырапшылығы бүкіл елдің байлығын желге ұшырады. Мысалы, су мәселесі. Бізде суды үнемдеуге байланысты қалыптасқан дәстүр жоқ.

Жалғасы: 4-5 беттерде.

«АДАЛ АДАМ – АДАЛ

**Жалғасы, басы 2-3 беттерде.**

Оны ашық мойындауымыз керек. Ал су болашақтың байлығы екенін бүкіл әлем мойындайды. Бұл – Қазақстан үшін аса маңызды мәселе. Себебі елімізде су ташылығы пайда болды. Бізде материалдық қана емес, рухани ысырапшылық та бар. Өзінді, еліңді дамытуға қажетті қаншама алтын уақыт өнбейтін дау-дамайға, еш пайдасы жоқ іске жұмсалып жатыр. Әрқайсымыз үнемшіл әрі ұқыпты болсақ, еліміздің берекесі арта түсер еді. Ұрпақтың санасына осыны түсіріп беріміз қажет. Осы дерттің бәрінен түбегейлі арылсақ, ұлтымыздың сапасын жақсартамыз, оны мүлде жаңа деңгейге көтереміз.

Қоғамға қауіпті кеселдермен күресуге зиялы қауым, ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, барлығы бір кісідей жұмылуы керек. Мұны әрбір азаматтың және бүкіл қоғамның міндеті деп түсіну қажет. Себебі бұл – ұлттың болашағына тікелей қатысы бар мәселе.

Келесі мәселе. Ұлттық құрылтайда біз мәдени-гуманитарлық саланың және идеологияның жаңа бағдарын айқындаймыз. Осының бәрі ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізді қарқынды дамыту үшін өте маңызды. Дегенмен өзгерістердің басты мақсаты – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту. Сондай-ақ әр азаматтың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Осыған орай экономиканы дамытатын жаңа мүмкіндіктерді үнемі іздеп отыру керек. Бізге әжептәуір мультипликативтік нәтиже беретін жобалар қажет. Сол үшін Үкіметке былай ақымды төрт инфрақұрылымдық бастаманы жүзеге асыруды тапсырамын. Ең алдымен, қазір жұмыс істеп тұрған 55 жылу орталығын толығымен жөндеу қажет. Ұзындығы кемінде 6,5 мың шақырым болатын инженерлік жүйені жаңғырту керек. Бұл қадам азаматтар мен кәсіпкерлерге көрсетілетін коммуналдық қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Биыл 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отан» ипотекалық бағдарламасы ел ішінде үлкен суранысқа ие болып отыр. Бұған қоса ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Бұл ретте әлеуметтік тұрғыда осал топтағы жандар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспауы қажет. Сонымен қатар сатып алу құқығымен жалға берілетін баспана санын бірнеше есе көбейтуді Үкіметке тапсырамын. Жөнідетілген және ипотеканың енгізілуі және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуы құрылыс қарқынын арттырады. Құрылыс саласында жүз мыңдаған отандасымыз адал еңбек етіп жүр. Ең бастысы, бұл бағдарлама баспанға мұқтаж көптеген адамның үй алуына жол ашады.

Жол салу және оны жөндеу жұмыстары да экономиканың дамуына тың серпін береді. Мұндай шаралар кемінде 12 мың шақырым автокөлік жолын қамтиды. Соның нәтижесінде елді мекендерге көлікпен қатынау едәуір жеңілдейді. Азаматтардың барыс-келісі жанданып, бизнестің белсенділігі артады.

Бұдан бөлек, Үкімет қаз тартылған елді мекендердің санын барынша арттыруға және 1700 шақырым жақ желісін жаңғыртуға тиіс. Бұл 300 мыңнан астам адамды көгілдір отынмен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы инфрақұрылымдық бастамаларды жүзеге асыру барысында жергілікті бизнес пен отандық кәсіпорындардың мүмкіндігін толық іске жарату қажет.

Экономиканы дәйекті дамыту үшін еліміздің бәсекедегі артықшылықтарын түгел пайдалану керек. Қазақстанды Еуразия құрлығындағы негізгі транзиттік хабытың біріне айналдыру үшін батыл қадамдар жасауға тиіспіз. Таяуда біз Сиань қаласында көлік-логистика орталығын іске қостық. Қазақстан мен Қытай болашағы зор бұл жобаны «Бір белдеу, бір жол» атты жаһандық бастама аясында бірлесіп жүзеге асырды. Дәл осы алтауда Әзербайжанға Сиань қаласынан алғашқы контейнер пойызы келіп жетті. Жаңа логистика орталығы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданатын жүк көлемін едәуір арттыруға ықпал етеді. Біз еліміздің аумағы арқылы өтетін көлік дәліздерін біртіндеп дамытып, сыртқы сауда айналымының ұлғайуына барынша жағдай жасауымыз керек. Сол үшін логистика орталықтары мен қоймалар салып, темір жол құрылысының қарқынды арттырмасы. Сондай-ақ теңіз тасымалының инфрақұрылымын жақсартып, өзгертуге ыңғайлы тариф саясатын жүргіземіз. Мұның бәрі еліміздің тұрған жері барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Экономиканың көптеген саласын дамытуға септігін тигізеді.

Болашағы зор тағы бір бағыт – IT-технологиялар. Қазақстанда осы жылдың соңына дейін суперкомпьютер жасап, жаңа дата-орталықты іске қосу жоспарланған. Біз Каспий теңізінің табына арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін салуды көздеп отырмыз. Бұл жоба Еуропа мен Азия арасында тағы бір цифрлы дәліз орнатуға жол ашады. Мен жақында «Қазақстан темір жолы» компаниясының Инновация орталығында болдым. Орталық қызметінің арқасында еңбек өнімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін озық технология осы салаға енгізіліп жатыр. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдік білікті IT-мамандары жұмылдырылды.

Теміржолдың өткізу мүмкіндігінің артуы, жанар-жағар майдың үнемделуі және компания табысының көбеюі – цифрландыру ісінің нақты әрі көзге көрінетін нәтижесі. Цифрлы экокүйені осылай қалыптастыру керек. Үкімет осы жұмыстың ақуымен кейінгі, оны экономиканың барлық саласына енгізуге тиіс.

Тағы бір мәселе – бюджет қаржысын үнемдеу. Үкімет бұл мәселені әрдайым басты назарда ұстауға тиіс. Қазір бюджеттің кірісі мен шығысы қайта қаралып жатыр. Қаржыны оңды-солды жұмсауға болмайды, бұл – ақиқат. Мемлекеттік мекемелердің бюджетін тексеріп отырмаса, шығыстары ұлғая береді. Мұны қатаң бақылауда ұстау керек. Тағы да қайталап айтамын. Қаражат ең қажет жобаларға, ең маңызды мәселелерді шешуге жұмсалыу қажет.

Мен бүгін тағы бір өзекті мәселеге қатысты ойымды ортаға салғым келеді. Біз соңғы жылдары кәсіпкерлікті дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Басты мақсат – елімізді аймақтағы ашық нарықтық экономикасы бар маңызды орталыққа айналдыру. Осы орайда, ұлттық буржуазияға зор міндет жүктеледі. Мен ұлттық буржуазия туралы ой-тұжырымды осыдан 24 жыл бұрын Давос экономикалық форумында атап өттім. Бұл жерде ұлттық деген сөз кәсіпкердің ұлтына емес, оның азаматтық сана-сезіміне қатысты айтылып отыр. Яғни, елімізге қоғам алдындағы жоғары жауапкершілігін сезінетін және Қазақстанды дамытуға елеулі үлес қосатын ұлттық буржуазия керек.

Мен Мемлекет басшысы ретінде әрбір мәселені ашық талқылауға дайынмын. Өздеріңізге мәлім, кәсіпкерлерімізбен

үнемі кездесіп жүремін. Бизнес өкілдері белгілі бір саладағы саясатты жетілдіруге қатысты стратегиялық бастама көтереді деп сенемін. Олар экономиканың түрлі саласын дамыту туралы нақты ұсыныс айтады деп үміттенемін. Алайда кейбір кәсіпкерлер алдымен елдің емес, өзінің мәселесін айтып қалуға тырысады. Тіпті, бизнес-жобасына қолдау көрсетуді, өзіне жеңілдік беруді сұрайды. Сол үшін мемлекеттік органдарға тапсырма берімді өтінеді. Бір сөзбен айтсақ, баяғы, үйреншікті жолымен жүргісі келеді. Өз мүддесін бәрінен жоғары қойып, жеке мәселесін мемлекет есебінен шешуге ұмтылады.

Басқа жұртқа қараңыздар. Көптеген елдің, тіпті, көрші елдердің өзінде ірі кәсіпкерлер мемлекетке алақан жаймайды. Керісінше, туған елін дамытуға өз еркімен қыруар қаржы жұмсайды. Осы елде кәсібін жасап, байған адамдар қара басының ғана емес, елдің де қамын ойлауға тиіс деп санаймын. Олар жеке мүддесін қоғам мүддесімен үйлестіре білуі қажет.

Елге жанашыр іскер азаматтар бізде де аз емес. Мұндай азаматтар қоғамға қажетті көптеген жобаға қаржы салып, игі істердің басы-қасында жүр. Қайырымдылық және волонтерлік бастамаларға демеушілік жасап келеді. Мемлекет те отанышыл азаматтарды өзгелерге үлгі етіп, оларға қолдау көрсетеді. Әрине, аймақтарда өз қаржысына мейіт салған кәсіпкерлердің ниеті түзу, оны түсінуге болады. Алайда жаңа мектеп, жатақхана, аурухана, кітапхана, мұражай немесе спорт сарайын тұрғызу әлдеқайда маңыздырақ. Мұның сауабы мол. Кейінгі ұрпақ та осындай игі істерге алғыс айтары анық.

Бизнес өкілдері барлық салада белсенді болуы қажет. Мұқтаж жандарға қолынан келгенше көмек көрсетіп, әрдайым әлеуметтік жауапкершілік танытуы керек. Сонда ғана, шын мәнінде, жаңа ұлттық буржуазия қалыптасады деп айта аламыз. Дәл осындай ұлттық буржуазия өкілдері бәсекеге қабілетті экономика құруға және халқына қалтқысыз қызмет етуге қашанда дайын болады.

Құрметті достар!
Біздің нақты құндылықтарымыз болмаса, даму жолында тың серпіліс жасауымыз және көшбасшы елдер қатарына қосылуымыз неғайбыл. Жаңа ғана Бала құдықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева халықаралық тәжірибеден мысал келтіре отырып, жалпыұлттық құндылықтар жүйесін бекітуді ұсынды. Талқылау барысында Дихан Қамзабекұлы, Мұрат Әбеннов, Шаймардан Нұрымов және басқа да Құрылтай мүшелері осы идеяны айтқанын білемін. Мен қоғамда жаңа этика қалыптастыру қажеттігін үнемі айтып жүрмін. Алайда азаматтарға қандай да бір құндылықты құшпан таңу қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады.

Саяси реформалар заңдарға түзету енгізу, институционалды өзгеріс жасау арқылы жүзеге асырылады. Бірақ қоғамдық этикаға келгенде, заңдарды өзгерту жеткіліксіз. Барынша мұқият болуды талап ететін бұл шаруаға Ұлттық құрылтай мүшелері де белсене атсалыса алар еді. Жасампаздық рухының қоғамда терең орнығуы, ескірген қасаң қағидалар мен ел ішінде ірікті салатын жағымсыз әрекеттердің келмеске кетуі өте маңызды.

Зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті мемлекеттік қызметшілер де орынсыз бай-балам салып, айналасын сынап-мінеуді едетке айналдырды. Мұны доғару керек. Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болған жөн. Үнемі арта қарайлап,

өткен күнге өкпе арта беруге болмайды. Әлем қауымдастығында лайықты орнын иеленуді қалайтын ұлт өзін өзгелерден кем сезінуден және әлеуетін өлсірететін жалған түсініктерден арылып, болашаққа нық сеніммен қарауы керек.

Мен барлық пікірді қорыта келе, ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға тоқталғым келеді.

Бұл, ең алдымен, тәуелсіздік және отаншылдық. Әр азамат Отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсетуі қажет. Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін терең сезініп, оны бағалай білуі керек. Біз әділетті мемлекет пен отаншыл, адал азаматтардың күш-жігерін үйлестіріп жұмылдыру және халқымыздың мәдени қодын үнемі заман талабына сай бейімдеп отыру арқылы ғана ең маңызды міндетімізді орындай аламыз, яғни қастерлі Тәуелсіздігімізді сақтап, нығайта түсеміз.

Біз біртұтас ұлт және халықаралық қауымдастықтың жауапты мүшесі ретінде ұлттық мүддемізді, егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізді қорғауға әрдайым дайын болуымыз қажет. Бұл, әсіресе, әлемде «заңның күші емес, күштінің заңы» деген қағидат үстемдікке ие болып, егемендігі адал мемлекеттердің маңдайына өзгеге кіріп-бүліп жазылып-мәс деген пайымға жол беріле бастаған бүгінгі заманда өте өзекті.

Қазір ресурстарға, инвестицияға, көлік логистикасы мен коммуникацияға қызу талас жүріп, жаһандық бәсеке күшейе түскенін барынша керіп отырсақ. Халықаралық мәселелер мен оларды реттеу жолдары туралы, соның ішінде аймақтық құрылымдардың экономикалық және саяси түйткілдерді шешетін құдіреті жайлы бұрынғы пайым-түсініктер қазір аса күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы заманда тым әсіреленген, тіпті, аңғал көзқарас сияқты көрінеді.

Бізге әлемдегі оқиғалар және олардың ұлттық мүддемізге тигізетін әсері туралы кешенді талдау қажет. Бұл – құзырлы мекемелердің, ғалымдар мен саясаттанушылардың міндеті. Еліміз сындарлы диалог, белсенді дипломатиялық және сыртқы экономикалық қызмет арқылы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамыта береді.

Бала есейген соң қанаттанып, ұядан ұшуға тиіс. Басқа аймақтарда, тіпті, шетелде білім алуы қажет. Өзге жұрттың қалай өмір сүріп жатқанын көргені абзал. Сондай-ақ қай жерде өзіне және еліне пайдасы тисе, сол жерге барып еңбек етуі керек.

Бүгінде солтүстік аймақтарда жұмыс күші жетіспейді. Ол жақта теңіп білім алуға, жақсы жұмыс істеуге барлық мүмкіндік бар. Мемлекет беріп отырған осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Біз мыңдаған шақырым жерде көшіп-қонып жүрген көшпенділердің ұрпағы екенімізді ұмытпайық. Қазіргі жастар заманауи көшпенділіктің жақсы жақтарын игере білуі керек. Көші-қон – дүние жүзінде ортақ қалыптасу құбылысы.

Біз шетелге барып, қара жұмыс істеп жүр деп, көрші елдің азаматтарын менсінбей қараған адамдарды да көрдік. Шын мәніне келгенде, сол шетелде жүрген адамдар жаңа дағдыларды игереді, жаңа кәсіптерді меңгереді. Олар өз елінің экономикасына дамытуға едәуір үлес қосып жүр. Американың өзінде Орталық Азиядағы көрініс елдердің мыңдаған азаматтары тұрып жатыр. Көбі бизнес жүргізіп, саудамен айналысады, арасында қалталы адамдар пайда болуға. Бірақ олар өзінің ұлттық ерекшелігін жоғалтқан жоқ.

ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС»

Еуразия кеңістігіндегі және Орталық Азия аймағындағы ықпалдастық үдерістер әрдайым біздің басқа назарымызда болады. Қазақстан түркі елдерінің ынтымақтастығын дамытуға өз үлесін қосады.

Еліміздегі мемлекеттік аппараттың сыртқы және ішкі саясатқа қатысты шешімдерінің бәрі популизмді және құбылмалы ахуалдарды емес, іргелі жалпыұлттық мүдделерді негізге алуы керек. Мемлекеттік деңгейдегі әрбір шешімді қабылдағандың оның мәні және салдары туралы жан-жақты талдау жасалуы тиіс. Халықаралық саммиттердің құжаттар арқылы талапқа сай бекітіліп, нақты міндеттемелер жүктейтін шешімдері қайта қаралмайынша, әсіресе, сыртқы саясат саласына мұқият болған жөн.

Тағы бір іргелі құндылық – бірлік және ынтымақ. Біздің күшіміз – бірлікте. Жұртымыз басына түскен тауқыметтің бәрін мызғымас бірліктің арқасында жеңіп келеді. Орасан зор сын-қатерлер пайда болған кезіргі заманда ынтымақ-бірліктің маңызы арта түседі. Қазақстан – бәріміздің қасиетті қарашығарымыз. Сондықтан әрбір азамат ел тағдырына өз тағдырындай қарауға тиіс. Біздің күшіміз – ынтымақта. Еліміздің әлеуметтік саясаты осы құндылыққа негізделген. Мемлекет те, қоғам да көмекке шын мұқтаж адамдарды қолдауға қашанда дайын. Біздің ерліктеріміздің өрен еңбегі – жанашыр болудың шынайы үлгісі. Олар көз келген сәтте өзгелерге риясыз көңілмен көмектесуге ұмтылады. Бизнес өкілдері және басқа да азаматтарымыз түрлі қайырымдылық шараларға белсене атсалысады. Бұл да – тілеулес болудың айқын көрінісі. Халқымыздың қанына сіңген жанашырлық, қамқорлық, бауырмалдық сияқты асыл қасиеттер біздің ұлттық ерекшелігіміз болып қала береді.

Келесі құндылық – әділдік және жауапкершілік. Шын мәнінде, бұл мемлекеттің де, қоғамның да айнымас темірқазығы болуға тиіс. Барлық салада әділдік болса, әлеуметтік теңдік орнайды, татулық пен келісім нығая түседі. Мен мемлекет басшысы ретінде Әділетті Қазақстанды құруды өзіміздің басты міндетім деп санаймын. Президент болып сайланған алғашқы күндерден бастап әділдік қағидасын қатаң ұстанып келемін. Бұл идея 2022 жылы қыркүйекте жарияланған Жолдауымызда толыққанды тұжырымдама ретінде көрініс тапты. Осы орайда «әділдік» ұғымының саяси риторикада және тәжірибеде қолданылуы белгілі бір сын-қатерлер туындапты, азаматтарды шамадан тыс үміттендіріп, олардың билікке талабын күшейте түсуі мүмкін деген пікір бар. Мәніне, бұл әділдік ұғымының аясын тарылтуды, жұрт оны игіліктер мен ресурстарды тең бөлу деп қана қабылдайды. Шын мәнінде, әділдік – ең алдымен, жұрттың бәрине бірдей құқық беру және жауапкершілікті баршаға тең жүктеу деген сөз. Әділдік пен жауапкершілік – тығыз байланысты ұғымдар. Басқаша айтсақ, жауапкершілік болмаса, әділдік те болмайды. Әркім өз ісіне, міндетіне жауапкершілікпен қараса, жеке азамат та, бүкіл ел де табысқа жетеді. Әділдіктің қуаты – осында.

Тағы бір маңызды құндылық бұл – Заң және Тәртіп. Заң алдында – бәрі бірдей. Бұл – баршаға ортақ мызғымас қағида. Мемлекет жүргенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуге тиіс. Барша азамат, барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға ірікті салатын және арандатушылық пайыздағы кез келген әрекетке қатаң тыйым салынады. Біз «жасампаз плюрализмді» толық қолдаймыз, елге ірікті салатын радикализмге түбегейлі қарсымыз» деген қағидатты берік ұстанамыз. Ел ішіндегі тәртіпке әрқайсымыз жауаптымыз.

Әлемді шынымен өзгертіңіз келсе, өзгерісті қарапайым нәрседен баста деп бекер айтылмаған. Яғни, отбасында береке болуы ойла, жұмыс орынында, үй-жайында, ауланда ретке келтіріп, қоғамдық орында едеп сақтау.

Құқықтық мәдениеттің деңгейін аңғартатын айқын көрсеткіштің бірі – азаматтарымыздың көлік жүргізу мәнері. Жол жүру ережесін жаппай бұзудың және жол үстіндегі деректіліктің зардаптары аса ауыр болып тұр. Жыл сайын мыңдаған адам көлік апатынан қаза табады. Бұл – солардың жақын-жуықтары үшін ғана емес, бүтас еліміз үшін қайғылы жағдай.

Заң бар жерде, тәртіп бар. Көбінесе қиын сәттерде азаматтардың тәртіпке бағынуы олардың қауіпсіздігіне кепіл болады. Жақында Алматы қаласында жер сілкінегендей кейбір балабақшалар мен мектептердегі балалар ұйымшылдықтың озық үлгісін көрсетті. Осыдан-ақ баланы балабақшадан және бастауыш сыныптан бастап тәртіпке бауылдың қаншалықты маңызды екенін айқын көруге болады.

Келесі маңызды құндылық – еңбеккерлік және кәсіби біліктілік. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын. «Тауған жерге туың

тік» дейді халқымыз. өте мағыналы есiet. Жас ұрпақ бұл сөздің мән-мағынасына терең бойлауы қажет. Қазақстан – барша азаматымыздың ортақ Отаны, қастерлі мекені. Оның қай түкірі де – біздің туған жеріміз. Жастар еліміздің барлық аймағын бірдей жақсы көріп, тұтас еліміздің дамуына үлес қосқаны абзал.

Мен облыстарға сапар кезінде жастардың көбі туған ауылынан сыртқа шығуға құлықсыз екенін байқадым. Менің тапсырмаммен алдыңғы жылы Батыс аймақтың жастары үшін 10 мың білім гранты бөлінді. Өкінішке қарай, сол гранттың көбі игерілмей қалды. Сондықтан грант санын еселеп қысқартуға тура келді. Яғни, жастарымыз қолда бар мүмкіндікті пайдаланбай отыр.

Өмір бойы бір жерде, бір ауылда отырған жастардың келешегі және кезқарасы қандай болады? Бұл сұрақтың жауабы – анық. Айтпақса да түсінікті. Шын мәнінде, бұған үлкендер де кінәлі. Көбінесе, ата-аналар баласын алысқа жібергісі келмейді. Соның кесірінен көптеген жастар еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болып, әлеуметтік жағдайға қол жайып отыр. Бұл – масылдық деген сөз.

Ең дамыған елдердің азаматтары да шетел асып, табыс табуға ныстанбайды. Заманауи көшпенділер, Modern Nomads дегеніміз – осы. Бұл – бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс.

Соңғы жылдары біздің де жастарымыз шетелге жиі шыға бастады. Қазір Қазақстанның 200 мыңға жуық азаматы заңды түрде сыртта жұмыс істеп жүр. Табыс табу үшін шетелде бейресім еңбек етіп жүргендер де бар. Қай жерде болсын, еңбектің, кәсіптің жаманы болмайды. Тек бәрі заңды болуы керек. Сонда мемлекет олардың құқығын қорғап, қандай бір жағдай болса, көмектесе алады.

Ел ішінде немесе шетелде заңды түрде жұмыс істеп, табыс табуға мүмкіндік туса, одан бас тартпаған жөн. Ең бастысы – адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу.

Келесі құндылық – жасампаздық және жаңашылдық. Бұл – өте жылдам өзгеріп жатқан кезіргі әлемде ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты шарты. Озық дамыған мемлекет құру үшін біздің азаматтарымыз жаңаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы керек. Сол себепті біз қоғамда білімпаздықты дәріптеуге, білім және ғылым саласын дамытуға баса мән беріп келеміз.

Біз адам капиталына арқа сүйесек, өзіміз белгілеген ауқымды өзгерістердің бәрін жүзеге асыра аламыз. Елімізде талантты азаматтар аз емес. Олар тың амал-ескілерді қолданып, батыл шешімдер қабылдағанының арқасында түрлі салада зор табысқа жетіп жүр.

Соңғы жылдары креативті индустрия қарқынды дамып келеді. Қазақстанның мәдени толқыны кең қанат жайып, өрендеріміз аймақтық және жаһандық деңгейде таныла бастағаны кездейсоқтық емес. Ұлтымыздың орасан зор жасампаздық әлеуеті кино, музыка, әдебиет және өнердің басқа да жаңа салаларында айқын көрініс тапқан. Креативті индустрия экономикамызды өркендетуге тың серпін беретініне сенемін.

Еліміз біртіндеп постиндустриалды қоғам үлгісіне көшіп келеді, идея мен инновация оның басты қозғаушы күші саналады. Біз озық технологияларға негізделген білім экономикасын құруымыз қажет. Қазақстан жаппай цифрланған және жасанды интеллект жүйесі қарқынды дамыған елге айлануға тиіс. Бұл – біздің стратегиялық міндетіміз. Осы технология таяу болашақта әлемді түбегейлі өзгертеті.

Біз барлық салада цифрлы номадтар өркенітінін озық стандарттарына сай болуымыз керек. Жастарымыздың әлеуеті мен қарым-қабілетіне қарасақ, «Қазақстанның қаршыты қадамын» жасауға біздің толық мүмкіндігіміз бар екені байқалады. Басқа-басқа, бірақ дәл осы жерде батыл қимылдап, құлашымызды көң сермеуден қорықпау керек. Әрине, мұның бәрі қатып қалған қағида емес. Алайда ұлттың жаңа саласын қалыптастыру жолындағы негізгі бағыт-бағыт бола алады. Еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Мен ұсынамын «Адал азамат» ұғымы мұның бәрін түгел қамтиды. Сонымен бірге бұл Әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр. Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беріміз керек.

Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрiнен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық ері табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек.

Өздеріңізге мәлім, соңғы бес жылда біз әртүрлі құндылықтар жайлы жиі пікір

алмасып, ой елегінен өткіздік. Оның бәрі уақытша ғана мәні бар жалаң тақырыптарды талқылау емес, идеология саласында жүргізілетін кешенді жұмыстың нақты бағдарын айқындау үшін жасалды.

Мен бүгін маңызды идеологиялық тұжырымдарымыз бен негізгі бағыттарымыз туралы тарқатып айтып бердім. Тағы да бір қайталап өтейін: бұл – Тәуелсіздік және Отаншылдық, Бірлік және Ұлттық, Әділдік және Жауапкершілік, Заң және Тәртіп, Еңбеккерлік және Кәсіби біліктілік, Жасампаздық және Жаңашылдық. Ұлтымыз осы идеялық негіздерді басшылыққа ала, болжаусыз және қарқынды дамып келе жатқан XXI ғасырда лайықты орнын табады. Құзырылы мемлекеттік органдардың бәрі өз жұмысын қайта қарап, осы тұғырнамаға үйлестіруге қажет. Атап айтқанда, Оқу-ағарту министрлігі мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңартуға тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындары мен колледждер студенттермен жүргізілетін жұмысқа осы құндылықтарды үйлестіріп кіріктіруге қажет. Аталған идеялар Қарулы күштеріміздің әскери-патриоттық іс-шараларына да арқау болуы қажет.

Негізгі құндылықтарымызды бұқаралық ақпарат құралдары мен креативті индустрия, әсіресе, кино, музыка және әдебиет арқылы дәріптеу аса маңызды. Салалық ведомство көпшілікті қызығушылығын туғызатын тың жобалар ұсынуға тиіс. Жаңа қоғамдық этиканы орнықтыру ісінде орталық органдар ғана емес, өңірлік билік те маңызды рөл атқарады. Орталық пен аймақтар тығыз байланыста жұмыс істеуі керек. Мысалы, ел ішіндегі еңбеккөші-қонын жандандыру мәселесі бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен облыс әкімдіктері өзара үйлесімді әрекет етіп, жұмысқа жұмыс істеуі қажет. Ұсынылып отырған құндылықтар жүйесі ағартушылар мен қоғам белсенділеріне бағыт-бағдар бола алады.

Озық құндылықтар біздің болымысымыздың ажырамас бөлігіне айналуы үшін оны қоғамда жан-жақты дәріптеудің тиімді тәсілдерін іздеу, ұсыну және тарату қажет. Сіздер, Ұлттық құрылтайдың мүшелері, осы күрделі ері маңызды жұмыстың алғы шебіне де болуға тиіссіздер.

Сырттан келмеген, өмірден іргесін ажыратпаған бұл құндылықтар төл тарихымызға, мәдениетімізге, болашаққа ұмтылысымызға негізделген. Сондай-ақ барша азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді. Оны кешінен дәріптеп, ілгерілету үшін мемлекеттік аппарат пен қоғамдық күштердің бәрі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс істеуі қажет. Президент Әкімшілігіне бұл жұмысты бақылауға алуды және идеология саласындағы міндеттерді орындау үшін кешенді жоспар жасауды тапсырамын.

Құрметті достар!

Елімізді жан-жақты жаңғырту үшін кең ауқымды жұмыс жасалып жатыр. Бүгінгі айтылған бастамалар – соның бір бөлігі ғана. Көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер әлі де бар. Оның бәрі халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер етеді. Біз оны біртіндеп шешіп жатырмыз. Бірақ барлығын бір күнде реттеу мүмкін емес. Сондықтан оған уақыт, тиістілік және сабыр қажет.

Дүние жүзінде қалыптасып отырған аса күрделі ахуал жағдайды ұшықтырып тұр. Кейбір саясаткерлердің жауапсыз мәлімдемелері елдерімізді оқып жатырсыздар, олар түрлі арандатушыларға мән береді.

Біздің алдымызда үш айрық жол тұр: құлдырау, тоқырау немесе өрлеу. Біз әрдайым өрлеуді таңдаймыз. Өрлеу, өрге шығу оңай емес. Талай қиындық туындауы мүмкін. Соған қарамастан, тек алға ұмтылуымыз керек.

Соңғы бес жылда көптеген маңызды бастаманы жүзеге асырдық. Нәтижесінде Қазақстан саяси тұрғыдан түбегейлі өзгерді. Халықтың өл-ауқатын арттыру үшін нақты шаралар қолға алынды. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Үкіметке экономиканы түбегейлі реформалау үшін барлық құзырет берілді. Халқымыз оның нәтижесін көп ұзамай көреді деп сенемін. Бірақ ең бастысы – нақты мақсат қойып, соған ұмтылу. Осыны жете түсінген ер. Әр азамат еліміздің қайда бет алғанын, өртеніміз қандай болатынын білуі керек. Бұл – өте маңызды.

Әрине, еліміздің болашақтағы бейнесі сан қырлы, оны өркім әрқалай түсінуі мүмкін. Алайда оның негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттауға болады. Бұл үшеуі бір-бірінен бастау алады және өзара тығыз байланысты.

Еліміз стратегиялық бағдарынан ешқашан ауытқымайды. Біз мықты демократиялық институттары және дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекет құрамыз. Бұл шешім заң мен тәртіп қатаң сақталады. Бұл – саясатымыздың тұғырлы қағидаты. Біз баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастырамыз. Адал азаматтар табынды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлесін қосады.

Біз «бірлігіміз – әралуандықта» деген қағиданы берік ұстанып, еліміздегі

бейбітшілік пен келісімді сақтайтын боламыз. Түрлі діндер мен конфессияларды жақындастыруды және кезіргі заманғы өектегі мәселелерге қатысты диалог орнатуды кездейтін мәртебелі миссиямызды атқара береміз. Біз азаматтарымыздың өл-ауқатын арттыратын, барша өлеңнің кәсіпкерлері, инвесторлары мен талантты адамдары қызығатын ашық ері дамыған экономика құрамыз. Бүкіл қоғам болып жеңімқорлыққа қарсы күресті жалғастырамыз. Бізге және ұрпағымызға ешкім сырттан келіп жарқын болашақты жасап бермейді.

Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу. Еліміз осы құндылықтарды берік ұстана отырып, даму көкжиегін сөзсіз кеңейте түспек. Ал әрбір адал адам адал еңбегімен адал табысқа жетеді.

Мен жұырда Президентік жастар кадр резервінің мүшелерімен арнайы кездестім. Сонда айтқан ойымды еліміздің барша жастарына тағы да қайталағым келеді. Қазақстанның болашағы – сіздердің қолдарыңда. Көп ұзамай мемлекетті бақаруыңа, яғни ел тізгіні бүгінгі жастардың қолына өтеді. Сіздер осы жауапкершілікті қазірден бастап сезінулеріңізді қажет. Өздеріңізге жүклетіні тарихи миссияны орындауға адалдан дайын болуларыңыз керек.

Біз жасампаз халық болуымыз қажет. Оған әлеуметіміз толық жетеді. Сан ғасырлық тарихында қазақ мемлекетінің құрылымы талай рет өзгерді. Бірақ елдігіміздің тұғыры қашанда – берік, ұлтымыздың рухы – әрдайым асқақ. Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана ала ұмтылушымыз керек. Өнімді еңбек етіп, сапалы білім алып, ортақ мақсатқа жұмыла білуіміз қажет. Сонда болашағы жарқын, қуатты мемлекетті бірге құрамыз.

Құрметті жынға қатысушылар!

Ұлттық құрылтай жұмысы жүйелі, маңызды қоғамдық институт ретінде қалыптасты. Құрылтай мүшелері нағыз елдік мәселелерді көтеретін «бір тұтас командаға» айналуға тиіс. Сіздер жұмыс барысында көптеген ұтымды ұсыныс беріп жүрсіздер. Бірқатар бастама жүзеге асырылып жатыр. Бүгін де жаңа идеялар айтылды. Оның бәрі мұқият қаралып, маңызды ұсыныстар бойынша нақты шаралар қолға алынады. Құрылтай барынаша тиімді ері оңтайлы қызмет етіп жатыр деп санаймын. Алдағы уақытта да белсенді жұмысты жалғастыра берген жөн.

Өздеріңіз білесіздер, мен осы басқосуға аймақ өкілдерін шақыру туралы тапсырма бердім. Бүгін, міне, ортамызда атыраулық ағайындар да отыр. Соның ішінде экология мәселелерін көтеріп жүрген белсенді азаматтар бар. Жалпы, Атырау жұртшылығы облыстың экологиялық ахуалына алаңдап отырғанын білемін. Қалада көріз жүйесін, су құбыры салу өте маңызды. Инфрақұрылым әбден ескірген. Соның кесірінен жерасты сулары және Жайық өзені ластанып жатыр. Облыс орталығында қоқысты сұрыптауға және өндеуге қатысты түйткілдер бар. Атырауда қоқыс сұрыптағын кешен салынған. Әкімдік оны жақын арада іске қосуға тиіс. Сондай-ақ қоқыс полигонын дереу ретке келтіруі қажет. Бұл мәселелер міндетті түрде өз шешімін табуы керек. Қазір осыған байланысты нақты жұмыс атқарылып жатыр. Үкіметке және облыс әкімдігіне бұл маңызды жұмысты аяғына дейін жеткізуді тапсырамын. Бұл мәселе менің бақылауыма болады.

Жалпы, Атырау облысының дамуына ерекше мән беру керек. Сондықтан Үкімет мен әкімдік арнайы жоспар бойынша жұмыс істейді. Мен кезінде осында Онкология орталығын салу туралы тапсырма бердім. Бірақ қаржы мәселесі толық шешілмей, созылып кетті. Енді оған жер қойнауын игеру мен айналысатын кәсіпорындар қаржы бөлетін болды. Құрылыс келесі жылы аяқталады.

Сондай-ақ облыс әкімінің айтуынша, Радиология корпусының құрылысын қаржыландыру мәселесі де шешімін тапты. Бұл нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Осы жобаларға демеушілік көрсеткен азаматтар және компанияларға ризашылық білдіремін. Бұдан бөлек, биыл бірнеше емхана, оналту орталығы және басқа да әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді.

Құрметті қауым!

Шын мәнінде, мұндай алқалы жындырдай аймақтарда өткізудің мән-маңызы зор. Сол арқылы облыстардың дамуына тың серпін береміз. Осы үрдіс алдағы уақытта да жалғасын табады. Әйгілі Қасым хан – Сарайшықта, Абылай хан – Бұрабайда ордасын тіккені белгілі. Есілдің бойында – Кенесары хан мемлекеттігімізді сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежіремізде айрықша орын алады. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Қөкшетауда өткізуді ұсынамын.

Ал бүгін бүкіл азаматтарға Ораза қабыл болсын дегім келеді! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!
«Akorda.kz»

ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМНЫҢ ЖАҢАША СИПАТЫ



Тыңш Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде Наурызнама тұжырымдамасы белгіледі. Аталған тұжырымдама негізінде Наурыз мейрамының қарсаңында елші мән-мағынасы мен маңызын байыту үшін жыл сайын 14-23 наурыз аралығында Наурызнама етудіңді жариялау ұсынылды. Осыған сәйкес, әр күні қазақ мәдениеті мен қолөнерінің байлығы мен алуан түрлілігін көрсететін белгілі бір тақырып пен күйімізге арналады.

Наурызнама онкүндігі қайырымдылық пен мәдени шаралардан бастап, ұлттық салт-дәстүрлер мен экологиялық акцияларға дейін қоғамның барлық саласын қамтуға бағытталған:

14 наурыз – Көрісу күні – Аман мерекесі; 15 наурыз – Қайырымдылық күні; 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні; 17 наурыз – Шаңырақ күні; 18 наурыз – Ұлттық киім күні; 19 наурыз – Жаңару күні; 20 наурыз – Ұлттық спорт күні; 21 наурыз – Ынтымақ күні; 22 наурыз – Жыл басы; 23 наурыз – Тазару күні.

Ұлыстың ұлы күнін тойлау форматы қазіргі әлемнің урбанистік жағдайларына бейімделгенін жоғарыда айттық. Осыған орай, мағжандықтар да әр күнді дәріптеу мақсатында мағыналы өткізуге тырысты. Мәселен, 14 наурыз елімізде Наурыз мейрамының басы - Көрісу күні.

Бұл күні ауданның жергілікті атқарушы билік мекемелері, жастар ресурстық орталығы, білім беру ұйымдары және мәдениет ошақтары белсенділік танытып, халық арасында мерекенің мән-мағынасын насихаттауды жүзеге асырды. Әсіресе, кітапханалар, елді мекен тұрғындарымен кездесулер ұйымдастырып, көрісу - сәлемдесуден басталатынын паш етті.

Ал 15 наурыз - Қайырымдылық күні Полуиди ауылының өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, оған аудан әкімі Қайрат Омаров қатысты. Барша бүлдіршіндерді келе жатқан Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамымен құттықтаған аудан басшысы ноутбук сыйласа, білім бөлімі тарапынан тәртібі мен оқу үлгерімі жақсы 23 оқушыларға жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында «ҚН Жаадық жолдасы - 2024» қайырымдылық жобасы бойынша демалу жолдамасы табыс етілді. Бұл қайырымдылық жобасы аудандағы барлық мектептерде жалғасын тауып, балаларға арналған игі іске айналды.

Сондай-ақ бұл күні аудандық Мәдениет үйінің

көркемөнерпаздары Конохов ауылына арнайы барып, концерттік бағдарлама қойды. Әсем әннен шашу шашқан әртістер ауылдықтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, Наурыз мерекесімен құттықтады.

16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні аталып өтті. Құралай ауылында тұратын қолөнерші Қанат Исеков ауданға ғана емес, облысқа танымал ұлттық өнер шебері. Ол табиғи материалдардан ұлттық аспаптар, ыдыс-аяқтар, ойыншықтар, кәдесыйлар жасаумен айналысады. Қанат Мәкенұлы әртүрлі көрмелер мен байқауларға қатысып, жүлдегер атанған қолөнерші. Мектепте технология пәнінің мұғалімі ретінде ол өзінің шеберлігін балаларға үйретіп, мол тәжірибесімен бөлісіп келеді. Мерекеге орай, оның қолдан жасалған бұйымдары көрме ретінде ескеңе ұрпаққа ұсынылды.

Сонымен бірге, Булаев қаласындағы аудандық тарихи-өлкетану мұражайында жас өрендердің қолданбалы шығармашылық шебері, қазақ салт-дәстүрін сақтап, дамытуға үлес қосып жүрген жанашыр тулға Мейрам Рыспаевпен кездесуі болып өтті. Қолөнер шебері балаларға жануарлар мен жабайы аңдардың терісімен жұмыс жасау, қайыстан қамшы өруді, былғары мен қылдан арқан тоқудың әдістерін көрсетіп, кеңінен әңгімелеп берді. Оқушылармен диалог құрған ұлттық қолөнер шебері біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы алып келе жатқан халық салт-дәстүрлері туралы ой бөлісіп, сұрақтарына жауап берді.

Жаңа тұжырымдамаға сәйкес 17 наурыз - «Шаңырақ күні». Шаңырақ - отбасы белгісі. Осыған орай, аудан әкімі Қайрат Омаров бұл күні 60 жыл отасқан жұп Тілеуөвтер отбасына арнайы барып, үлгілі ерлі-зайыптыларды мерекемен құттықтады.

Бекмұхамбет пен Зайра Тілеуөвтер отбасылық өмірі 1961 жылдың 8 сәуірінен бастау алады. Отағасы бұрынғы Булаев ауданының «Суворовский»

кеңшарында еңбек етсе, отанасы Зайра отбасылық ошақты қолдап, үй шаруашылығымен айналысқан екен.

Талай жыл бірге өмір сүріп келе жатқан ерлі-зайыптылар алты бала дүниеге әкеліп, ұлын уяға, қызын қияға қондырған қадірлі ата-ана. Олардың барлығы Булаев қаласында тұрып, әр салада жұмыс істейді. Бүгін таңда ардақты қариялар үш ұлы мен үш қызынан тараған немере-жыендерінің қызығына кенеліп отыр.

Сондай-ақ, бұл күні аудан басшысы Сағындықовтар жанұясына ат басын тіреп, Ұлыстың ұлы күніне арналған ізгі тілектерін арнады.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Шөріпұлы өмірлік жары Сәулемен 1965 жылы отау құрып, 59 жыл бойы бір шаңырақ астында бақытты да бақуатты өмір сүруде. Отағасы талай жылдар басшылық қызметте еңбек етіп, егеменді еліміздің дамуына да сүбелі үлес қосып келе жатқан беделді тулға. Отанасы ұстаздық қызмет атқарып, балаларды білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаз. Жарасымды ерлі-зайыптылар төрт бала тәрбиелеп өсіріп, бүгін 10 немере мен 2 шеберені сүйікті ата-әжесі.

- Қазақ халқы үшін отбасы қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Адам баласына берілетін тәрбиенің негізі осы отбасында қалыптасады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әрбір отбасын сақтау отанымыздың берік болуының кепілі. Олардың әрқайсысына тұтастық пен татулықтың дәстүрін орнықтыруымыз керек», - деп айрықша атап көрсеткен болатын.

Сондықтан мемлекетіміздің іргесі мықты болуы үшін отбасы институты берік болуы тиіс. Тілеуөвтер мен Сағындықовтар сияқты үлгілі де енегілі отбасылар қоғамның берік іргетасын қалайтыны сөзсіз. Атақты жерлесіміз, ақиқат ақын Мағжан Жұмабаев: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндегі етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзнен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың

заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн», - деген екен. Қай заманда да берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады. Баршаңызға зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеймін! Шаңырақтарыңызға махаббат пен татулық салтатан құрсын, деді Қайрат Қайроллаұлы Наурыз мейрамы қарсаңында.

Осындай керемет күні аудан әкімі аудандық орталық ауруханаға арнайы келіп, Анастасия Владимировна Храмованы екінші қызын дүниеге әкелуімен құттықтады. Аудан басшысы анаы өліміздің демографиясына қосқан үлесі үшін алғысын білдіріп, гүл шоқтары мен сыйлықтар табыстады.

- Наурызды тойлау бүгін Шаңырақ күнімен жалғасып жатыр. Елімізде дүниені есігін ашып жатқан әрбір саби мемлекет үшін үлкен қазына. Мемлекет басшысы, үкіметіміз де халқымыздың санының молаюына ерекше мән беріп, қолайлы жағдай жасап отыр. Наурыз мерекесі қарсаңында өмірге

концерттік бағдарлама ұсынды. 20 наурыз - Ұлттық спорт күні. Біздің ауданда Булаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде тоғызқұмалақтан сайыс өткізіліп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды. Сондай-ақ бұл күні балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен Булаев қаласының кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжінде қазақ күресі бойынша жарыс өтті. Жасөспірімдер боз кілемде белдесіп, өзара мықтыларды анықтады.

21 наурыз - Ынтымақ күні - жалпыхалықтық бірлік марафоны. Бұл күні Мағжан Жұмабаев ауданының барлық ауылдық округтерінде Ұлыстың ұлы күні кеңінен аталып өтіп, мекемелер мен кәсіпорындар ұжымы асқан қонақжайлықпен мерекелік дастарханнның мәзірлерін ұсынады. Мұндай іс-шараларды әр өңірлерде де өтуі мерекеге жалпыұлттық сипат беріп отыр.

22 наурыз - Жыл басы. Бұл күні Булаев қаласының орталық алаңында жалпыхалықтық мереке ұйымдастырылып, мәдени-



келген жас нәрестеге және Сізге зор денсаулық пен бақыт тілеймін, - деді Қайрат Қайроллаұлы.

18 наурыз - Ұлттық киім күні де мағжандықтар аса белсенді болып, жұмыс орнына қазақтың ұлттық киімін киіп келді. Әлеуметтік желіде басталған челлендж ұжымдар арасында жалғасып, бұл күн ұлттық киімге арналды. Сан ғасырлар бойы қазақтың ұлттық киімі қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленетіні анық. Жалпы Ұлттық киім күні - киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік берді.

19 наурыз - Жаңару күні. Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің бастама-сымен «Наурыздың ғасырлық дәстүрлері» атты әдеби-мұзикалық көші ұйымдастырылып, жаңару және жаңғыру мерекесінің мән-мағынасы кеңінен ашылды. Көркемөнерпаздар халық шығармашылығы және бос уақытты өткізу орталығының ұжымы Молодогвардейское ауылына барып, ауылдықтарға

бұқаралық іс-шаралар өтеді. Киіз үйлер тігіліп, спорттық шаралар өтеді. Қарақоға ауылында да Наурыз мейрамы кеңінен аталып өтіп, бәйге ұйымдастырылады. Онда ауданның үздік сәйгүліктері жарысып, жүлде үшін таласады.

Наурызнаманың қорытынды күні жаңа жылды қарсы алудың символы ретінде 23 наурыз - Тазару күні деп жарияланды. Бұл күні Қазақстанның барлық өңірінде жалпыұлттық экологиялық акция өтеді.

Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдерінің аппараты, жастар ресурстық орталығы мен волонтерлер елді мекен аумақтарын қардан және қоқыстардан, оның ішінде мерекелік іс-шаралар өткен алаңдарды қоқыстардан тазарту жөніндегі жалпыұлттық экологиялық акцияға қатысады.

Иә, Наурыз - ата-бабадан мирас болып жеткен ұлық мерекенің бірегейі. Көне парсы тілінде «Жаңа күн» мағынасын беретін айтулы мейрам еліміздің ынтымағы мен бірлігінің айғағы іспетті. Ұлыстың ұлы күні биыл жаңаша сипат алып, көкжиегі кеңейіп отыр.



БИЫЛ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ЖАҢАША ТОЙЛАНАДЫ

Наурыз мерекесі 1988 жылы елімізге араға 62 жыл салып қайта оралды. 1926 жылы Кеңес өкіметі діни мейрам деген сылтаумен халықтық дәрежеде тойлауға тыйым салынған бұл мейрам Ұлы Далада ғасырлар бойы тойланып келген, халқымыздың жаңа жылды қарсы алу дәстүрі болатын. Сондықтан жаңа дәуірде қайта оралған, 36 жылдан бері халқымыздың жыл сайын қуана күтіп алатын Наурызды көңілдерге қуаныш сыйлайтын, салт-дәстүрімізде еске түсіріп, әдет-ғұрпымызды жандандыратын рухани құбылысқа айналды.

Жалпы, белгілі бір мән бар, қалыптасқан түрі бар өзге мейрамдарға қарағанда Наурыз мерекесінің аясы кең, жан-жақты түрлендіре беруге болатын мейрам. Сондықтан кейінгі жылдары бірқалыпты пішінге түсіп бара жатқан Наурызды елімізде тойлаудың жаңа концепциясы жасалып, ел басшылығы көктеммен бірге келіп, көңілдерді көріктендіретін мейрамды жаңаша мерекелеудің жобасы бекітті.

Биылғы жылдан бастап Қазақстан бойынша Наурыз мерекесін жаңа форматта тойлаудың мәні не, онда қандай шаралар жүзеге асады десек, енді Наурыз мейрамы біртұтас онкүндік мерекеге айналдырылып отыр. Яғни, енді жыл сайын 14-23 наурыз аралығында Наурызанама онкүндігі өтеді. Бұл орайда Наурызанама бірегей логотипі бекітіліп, ол еліміздің барлық аймақтарында бірдей қолданылатын болады.

Тарихи кезеңдерде жаңа жылды тойлау он шақты күнге жалғасып, ол «Наурызанама» деп аталған. Бұл жайында Махмұд Қашғари, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Абай Құнанбайұлы, Шакарим Құдайбердіұлының еңбектерінде айтылған. Сондықтан еліміз ендігіндей былай сол деректерге арқа сүйей отырып, Наурызанама нысанға жаңғыртып, жаңаша мерекелейтін болады.

Атап айтқанда:

14 наурыз – Керісу күні – Аман мерекесі. Бұл дәстүр негізінде еліміздің батыс өңірлерінде күні бүгінге дейін сақталған. Енді халқымыз үшін қастерлі әрі орны ерекше бұл мерекені еліміздің барлық аймақтарында тойлау ұсынылды.

15 наурыз – Қайырымдылық күні. Бұл күн ел бойынша қайырымдылыққа, мейрім мен тату көршілікке арналады. Қоғамға қайырымдылық көрсету мәдениетін сіңіріп, жанашырлық пен өзара қол ұшын беріп құндылықтарын қалыптастыру үшін бұл күннің маңызы зор.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні.

Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналып, республика бойынша түрлі іс-шаралар өткізілетін болады.

17 наурыз – Шаңырақ күні. Бұл күн ұлттық отбасылық құндылықтарымызды дәріптеуге, енегелі ұрпақ тәрбиелеген үгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өтеді.

18 наурыз – Ұлттық киім күні.

Наурызанамамыз бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде ұлттық киімдерімізді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шараларды өткізеді.

19 наурыз – Жаңару күні. Бұл күн көктемгі ағаш егу дәстүрін жаңғыртып, еліміздің барлық өлкесінде жаңадан терек-талдар, жеміс ағаштарының көшеттері отырғызылады.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні.

Бұл күн елдің барлық аймақтарында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады. Ел ішінде өткізілетін ат жарыстары, бөйге, көкпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, құсбөлігі және асық ату, тоғызқұмалақ, садақ тарту турнирлері қарапайым халықтың шынайы мереке салтанатын сезінуіне мүмкіндік береді.



Биылы жылдан бастап Қазақстан бойынша Наурыз мерекесін жаңа форматта тойлаудың мәні не, онда қандай шаралар жүзеге асады десек, енді Наурыз мейрамы біртұтас онкүндік мерекеге айналдырылып отыр. Яғни, енді жыл сайын 14-23 наурыз аралығында Наурызанама онкүндігі өтеді. Бұл орайда Наурызды бірегей логотипі бекітіліп, ол еліміздің барлық аймақтарында бірдей қолданылатын болады.

21 наурыз – Ынтымақ күні.

Бұл күннің идеясы – жалпы халықтық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.

22 наурыз – Жыл басы.

Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылады.

14-23 наурыз аралығында «Наурыз-базарлық» маусымы жарияланады.

Бұл күндері сауда орындарында жаппай сатылымдар жүргізілетін болады.

Бұл Наурызды тойлаудың жаңа тұжырымдамасы.

Енді осы күндердің мән мағынасы туралы айта көтейік.

Керісу күні Наурызанамамыз бірінші күні.

Көктем наурыз айынан басталатыны белгілі. Шығыс халықтары үшін жаңа жыл көктемде кіруге тиіс. Себебі көктемде суық кетіп, күн жылына бастайды. Жер жаңарып, өсімдіктер өлемі тіріліп, дүние жаңарады. Жаңа жыл деп аты айтып тұрғандай, жаңа жылда өлем-тіршілік жаңармаса, оның несі жаңа жыл? Біздің қазіргі ресми жаңа жылмыз қыстың бірінші айында басталады. Ол кезде дүние жаңармақ түгілі жер-өлем қардың астында жатады. Өсімдіктер өлемі мүлде өлі күйде болады. Демек, жаңа жыл көктемнің алғашқы айы – наурызда кіруге тиіс. Бірақ бізде елдің бір-бірін қазақтың жаңа жылмен құттықтау неге 14 наурыздан басталады? Оның бір себебі, 1918 жылдың 24 қаңтарында В. Ленин «Россия республикасында батыс-европалық күнтізбені қолдану туралы декретін жариялап, ол бойынша Кеңестік Ресейдің Григориан күнтізбесіне өту жайында құқықтық-нормативтік акт қабылданды. Осылайша, 1918 жылдың 31 қаңтарынан кейінгі бірінші күні ақпанның бірінші күні санау жүзесімен жүріп келеміз. Демек, қазіргі 14 наурызымыз бұрынғы 1 наурыз. Сондықтан 14 наурызда елдің бір-бірімен көрісіп, жаңа жылмен құттықтау заңдылық деуге болады. Осы аман мерекесі деп атап жүргендерге ғалымдар тарапынан қарсылық бар. Дұрысы көрісу күні екен.

Қайырымдылық күні Наурызанамамыз екінші күні ретінде алынып отыруында да

символдық мән бар. Жаңа жыл басталғанда ол көңілдерге қуаныш сыйласа бір ғанибет. Қоғамда қашанда қайырымдылыққа зәру адамдар болады. Оларды өзгелер елестеріп, мейрім танытып, қайырымдылық жасап отырса, бұл үлкен адамгершіліктің белгісі. Адамгершіліктің жазылмаған заңдарына еркім бас иіп, бір-біріне көмектесуге дайын тұрса, ол қоғамда әділеттілік сөзсіз үстем болады.

Наурызанамамыз үшінші күні Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні болса, оның ұлт, мемлекет үшін зор маңызы бар. Мәдениет ешбір халықтың жеке меншігі емес әрі ол кең ұғым. Ұлттық мәдениет әр халықтың болмысын, рухани өлемін көрсетіп тұратын құндылық. Қазақ халқының мәдениеті оның салт-дәстүрлерінде, әдет-ғұрыптарында. Сондықтан оны сақтау, қолдану, қадірлеуге маңызы зор. Демек, бұл күн қазақ мәдениетін дамытуға арналғандықтан, оны да ерекше қуанышпен атап өткен дұрыс.

Наурызанамамыз төртінші күні – Шаңырақ күні – отбасы құндылықтарына арналған күн. Қазақ отбасыларының өз құндылықтары бар. Ол үйдің үлкеніне құрмет, кішілеріне ізет көрсету, сыйлайы болу, сыйластықта өмір сүру. Бізде жасы үлкендердің орны ерекше, олардың айтақан ақылы, көрсеткен өнегесі жасы кішілерге жол-жоба, бағыт-бағдар саналады. Қазақ ұрпағын ардайым жаман істен жіренуге, жақсыға сүйінуге, қуануға, қолдауға тәрбиелейді. Өтірік айту, ғайбаттау, алдау сияқты теріс әдеттерден сақтандырады.

Наурызанамамыз бесінші күні – Ұлттық киім күні де ұлтымыз үшін маңызы бар күн деуге болады. Қазақтың ұлттық киімдері бірегей, еш елге ұқсасайтындығымен ерекшеленеді. Ұлттық киімді құрметтеу, оны киіп жүру де өз халқына деген сүйіспеншіліктің белгісі. Бүгінде тақия киген ер адамдар мен камзол киген қыз-келіншектердің кебеюі де ұлттық киімге деген ерекше құрмет, өзінің қал ұлттың өкілі екенінді танытып тұратын қасиет. Демек, ұлттық киімді заманға сай жаңғыртып, тұтынып отырсақ, онкүндік наурызанама күндері біріміз де ұлттық киім киіп жүре алсақ, ол да өз тегіне деген мақтанш сезімін оятады.

Наурызанамамыз алтыншы күні – Жаңару күні ағаш отырғызу дәстүрін жаңғыртуға

арналған. Бұрында көктемде ер ұй ауласына тал отырғызып, жеміс ағашын егіп жататын. Бұл біздің табиғаты аялау сезімсіздігі оятатын, адамзатқа өтпейтін бөліп тұратын өсімдіктер дүниесіне деген құрметтің көрінісі. Жер шарында орманы аз елдер көп, біздің ел де солардың қатарында. Сондықтан жанару күнінде еліміздің әр тұрғыны ауласына не көшесіне, сондай-ақ орман есіруге болатын алқаптарға тал-терек егіп жатса, ол да бір ғанибет. Орманы көп елдің ауасы таза, осыны естен шығармау керек.

Наурызанамамыз жетінші күні Ұлттық спортқа арналған. Қазақта ұлттық спорттың түрлері көп, бірақ қолданып жүргеніміз аз. Ат жарысы, көкпар мен қазақша күрес қана танымал. Қалғандарын жұрттың көбі біле бермейді. Дегенмен кейінгі жылдары садақ ату дамып келеді. Бұрында мергендікке баулитын жамбы ату, күш-қайратты көрсететін аударыспақ деген ұлттық ойын түрлеріміз болған. Ұлттық спорт күнінде сондай халықтық спорт түрлерін дамытуға себінсіз тиіп жатса, ол тек қана қуанышты жағдай болар еді.

Наурызанамамыз сегізінші күні ынтымақ күні деп белгіленген. Ынтымақтау мемлекет үшін де, халық үшін де маңызы бар құбылыс. Бір елде әртүрлі халық өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі қашаннан бар. Адамдар өсіп, діни сенім, тілі, әдет-ғұрыптары жөнінен әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларды біріктіретін адамгершілік қасиеттер. Адамдардың бір-біріне түсіністікпен қарауы, бір-бірінің сенімін, салтын сыйлауы халықтың бірлігі мен мемлекеттің бүтіндігі үшін ең керекті фактор. Демек, ынтымақ күні саяси тұрғыдан да, адамгершілік жағынан да өз мақсатына жетіп жатса, ол үлкен жетістік.

Наурызанамамыз тоғызыншы күні – 22 наурыз, жыл басы. Жоғарыда айтып өткеніміздей, халқымыз ежелден көктемнің келуін жаңа жыл деп қабылдаған. Мұндай түсінік бізден басқа көптеген халықта да бар. Шығыс халықтары есте жоқ ескі замандардан бері жыл басын наурыз деп санап келеді. Біздің ата-бабаларымыз да солай санаған. Демек жыл басын қуанышымен, жаңа арман-үміттермен қарсы алуға үйренуіміз керек. Бүгінде қаңтардың бірі күні қарсы алып жүрген жаңа жылдың көңіл күйі бірте-бірте наурызың 22-сіне қарай бұрылса, біз табиғи түрде келетін жаңа жылды күтіп алуға әдеттеніп, табиғатпен үндес өмір сүруге үйренетін боламыз.

Наурызанамамыз соңғы күні – 23 наурыз. Бұл алғашқы тоғыз күннің қорытындысы іспеттес. 14 наурыздан басталған «Наурыз-базар» сауда, жәрмеңке күндерінің соңы осы күнде аяқталады. Әрине, жәрмеңке дегенді жыл бойына өткізе беруге болады, бірақ он күйге созылатын наурыз жәрмеңкесінің орны бөлек. Онда адамдар өздері көптен бері сатып алсам деп ниеттеніп жүрген нәрсесін базардан тапса, оның бағалары да қолжетімді болса керемет емес пе? Наурыз-базар жәрмеңкесінде бәрі табылуға тиіс. Кім не қалайды, бәрі болғаны жақсы. Сондықтан еліміздің барлық жерінде жыл бойы осы Наурыз-базарға дайындық жүріп, онкүндік Наурызанамамыз ерекше етіп өткерге білсек керемет болар еді. Онда ол өлемге қазақ бағары деген атпен танылып, осы күндері елімізге өзге елдерден туристер ағылар ма еді. Ол дегенің керемет қой. Демек Наурыз-базарды қазақтың ұлттық ЭКСПО-сы қылуға мүмкіндік бар!

Қазаққа алпыс екі жылдан кейін қайта оралған Наурыз мейрамы бүгінде елімізге, халқымызға рухани ләззат, шабыт сыйлайтын мерекеге айналды. Дегенмен Наурызды жаңаша тойлау – Наурызанама жобасын жүзеге асыру біздің мемлекеттің саяси өмірінде орын алары сөзсіз.

Ахмет ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - ӨЗ-НАУРЫЗ

Көктемнің жарқын мерекесі – ағаш бүршіктеп, төрт түлік мал төлдейтін, аңқастың тұқымы өрбіп, ұлы табиғат жаңаратын жыл басы. Халықтың ежелгі наным-сенімі бойынша бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне ерекше сезім, қасиет, қуат нұры қиылады. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік арта түседі. Жер-жерде өр ұлттың отауы тігіліп, ұлттық киімдері киілсе, ойындары ойналса, жастардың мерекені тойлауға деген қызығушылығы артаатын болса, осы ортақ мереке арқылы еліміздің бір екендігін санасынан өткізуге ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Шынында да, Наурыз мерекесінің келуі бірімізге ерекше күш-жігер сыйлап, болашаққа деген сенімді нығайтады. Еліміздің татулығын, бірлігін нығайтатын мереке. Бұл Наурыз мерекесін асыға күтетініміз де содан болса керек.

Иә, біз көктемнің күн мен түн теңелер шағы – Наурыз мейрамын асыға күтеміз. Бұл тіршілік атаулы жанданып, жер-дүние жаңаратын шақ. Табиғат заңдылығымен жыл басы болып, жақсылықтың жаршысына айналған Наурыз мейрамы адамзат тарихымен бірге жасасып келеді.

Ескі ауыртпалықтың бәрі қысып берге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған

күн. Тәуелсіз еліміз Ұлыстың ұлы күніне балаған Наурыз – шын мәнінде елдік пен бірліктің, жарқын жасампаздықтың мерекесі.

Біздің ұлттық құндылықтарымыз, рухани мұраларымыз, салт-дәстүрлеріміз өз-Наурызбен біте қайнасақ. Пейлі ақ, жүрегі кең жұртымыз қашанда Ұлыстың Ұлы күнін ақ дастархан жайып, ақ тілекпен қарсы алған. Біз – шекарашылар да жыл сайын халқымыздың осынау ізгі ниетін құптап, Наурыз мерекесін шекара аймақтарының халқымен бірге қарсы алуды игі дәстүрге айналдырдық. Бұл біздің қашанда халықпен бірге екенімізді, егемен еліміздің қасиетті шекарасын бүкіл ел болып қорғайтынмызды білдіреді.

«Қасқат» шекара бөлімшесінің шекарашыларының атынан баршаларымызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Елімізді шуағына бөлеген Ұлыстың Ұлы мерекесі әр шаңыраққа шаттық, мол ырыс пен мызғымас ынтымақ сыйласын!

Өз-Наурыз жақсылығын ала келсің!
Аспанымыз ашық, шекарамыз шегендеулі болсын!

Санжар ЕРІК,
«Қасқат» шекара бөлімшесінің бастығы,
аға лейтенант.



ОРМАНШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ - АҒАШ ОТЫРҒЫЗУДЫ ҰЛҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН



«Булаев орман шаруашылығы» КММ директорының орынбасары Игорь Горбачев жиналғандар алдында мекемеде 2023 жылы атқарылған жұмыстар мен 2024 жылға арналған жоспарлар туралы есеп беріп, ауқымды баяндама жасады.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі - Мағжан Жұмабаев әкімшілік ауданының аумағында орналасқан.

01.01.2024 жылғы жағдай бойынша орман қорын есепке алу жөніндегі мемлекеттік орман мекемесінің жалпы ауданы - 88497 га құрайды, оның ішінде орманмен жабылған аумақ - 65077 га.

2023 жылы облыстық бюджеттен қаржыландыру 346,9 млн. теңгені құрады.

Мекеменің арнайы шотына ақылы қызмет көрсетуден 2023 жылы 110,7 млн. теңге түсті, материалдық-техникалық базаны нығайтуға 105,6 млн. теңге жұмсалды. 2024 жылға арналған жоспарда 149,9 млн. теңге сомасында түсімдер жоспарланған.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі үш орман пайдаланушы бар, Қоңохов орман шаруашылығы бойынша 10.08.2016 жылдан бастап «Базилик» ЖШС, Булаев орман шаруашылығы бойынша 7.11.2017 жылдан бастап «ПетроЛесПром» ЖШС, 14.12.2018 жылдан бастап «Green orga» ЖШС Молодежный орман шаруашылығы бойынша.

2023 жылы ағаш дайындау орман пайдаланушылармен бірлесіп 92,8 мың м3 құрады, оның ішінде 29,1 мың м3 (КММ - 5,2 мың м3) көлемінде басты пайдаланудағы ағаш кесу мәлімделген көлемнің 89% және 63,7 мың м3 (КММ - 51,1 мың м3) көлемінде өзге де ағаш кесуді әзірлеу немесе мәлімделген көлемнің 98%.

2023 жылы 17 дана ағаш кесу билеттері мен 9 дана орман билеттері берілсе, 01.03.2024 жылғы жағдай бойынша 14 дана ағаш кесу билеттері мен 2 дана орман билеттерін жазып беру бойынша

14 наурыз күні аудандық Мәдениет үйінде орман шаруашылығы саласына қатысты есепті кездесу өтіп, оған облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Тәшімов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Нұрсұлтан Елеусізов, Булаев каласындағы №12 өрт сөндіру бөлімінің бастығы Нұрбек Қайыржанов, мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

мемлекеттік қызметтер көрсетілді.

2023 жылы «Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі орман дақылдарын отырғызудың өндірістік жоспарына сәйкес орманды молықтыру - 400 га құрайды, отырғызу материалын отырғызумен 2132,0 мың түп, іс жүзінде жоспардың 319,3 га - 79,8% отырғызылды. 2023 жылғы күзгі отырғызуды ескере отырып, «Базилик» ЖШС 14,0 га 1255,9 мың түп көшет отырғызды, осылайша, жалпы отырғызу жоспары 333,3 га немесе 83,3% құрайды. Сондай-ақ 120,3 га алқапқа орман дақылдарын толықтыру жүргізілді және 125 мың түп көшет отырғызылды. 2024 жылға арналған орман дақылдарын отырғызу жоспары - 619 га, толықтыру бойынша 100,6 га құрайды.

Мекемеде өндірістік жоспарды орындауға арналған Булаев, Қоңохов және Суворов орман шаруашылықтарының аумағында жалпы ауданы 6,3 га болатын 3 уақытша орман тәлімбақ бар. 2024 жылдың орман көлемінде тәлімбақтарда 200,2 мың түп қайың көшеттері, ал күзгі орман-мәдени жұмыстарға арналған бір жылдық 350 мың түп қарағай көшеттері бар.

Бүгінгі таңда отырғызу материалын өсіру үшін жеткілікті мөлшерде агро-тек, екі тәлімбақта тамшылатып суару, 8 дана 10 текше контейнер бар. Су алу үшін 2 ұңғыма бұрғыланды. Уақытша тәлімбақтар қоршаумен қоршалған, орман шаруашылықтарында жыл сайын 10 адам тартылып, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 25 студенттері жұмыс істейді.

2023 жылы 480 кг қайың тұқымын жинау жоспарланғанымен, барлығы 789 кг жиналды, оның ішінде 142 кг - 2 сыныпты және 257 кг - 3 сыныпты және 390 кг - кондициясына жеткізілмеген тұқым. 2024 жылға 570 кг қайың тұқымы мен 55 кг қарағай тұқымын жинау жоспарланған.

Аудан мен елді мекендерді қорғандандыруды іске асыру үшін Булаев каласының уақытша тәлімбағында 450 түп шырша, 1000 түп емен, 1000 түп жиде, 200 түп шетен, 200 түп дозана, 100 түп терек, мекет бөлiмшесінде 550 түп қарағай көшеттері өсіп жатыр, - деді Игорь Юрьевич.

Жиын барысында орманды күзету бойынша өртке қарсы іс-шаралар да сөз болды.

Ормандарды өрттен тікелей қорғауды және оларды анықтау мемлекеттік орман қорғау күштерімен жүзеге асырылады. Орман өрттерін жою, күзет іс-шараларын жүргізу үшін қазіргі жағдай бойынша 23 патрульдік автокөлік жаратқандырылған, оның ішінде 5-інде "Ермак" жоғары қысымды сорғылары бар, 11 дана ПСКЛ-70 соқалары бар 11 трактор және сорғылары бар бөшекелермен жабдықталған 4 трактор, 3 өрт сөндіру автокөлігі. Турақты радиобайланысты қамтамасыз ету үшін 120 радиостанция бар (75 киілетін, 38 мобилді, 7 стационарлық). Барлық техника 4 орман шаруашылыққа бөлінген. 2023 жылы өртке қарсы жұмыстар толық көлемде орындалып, ұзындығы 105 км жана минералданған жолақтар жасалды (КММ - 40 км, орман пайдаланушылар - 65 км) 2630 км (КМУ -

680 км, орман пайдаланушылар - 1950 км) көлемінде қолданыстағы минералданған жолақтарға күтім жасалды.

2024 жылға арналған өртке қарсы және орман-мәдени іс-шараларды уақтылы орындау үшін біз 20 жиынтық көлемінде өрт сөндірушінің жауынгерлік киімін (ӨСЖК), жана техника сатып алуды жоспарлап отырмыз, ол үшін 5 мобилді радиостанция жиынтығын, 2 ПСКЛ-70 соқасын, 2 жоғары қысымды «Ермак» сорғысын сатып алу көзделген. Сондай-ақ 2 «Соболь» автокөлігін, 1 МТЗ 82 тракторын және 3 SLN 11 ағаш отырғызу машиналарын және орман күзеті үшін жазғы ысынды киім кешек жиынтығын сатып алу жоспарда бар.

2023 жылғы өрт қауіпті маусымда 5,5 га алаңда 421,3 мың теңге залалмен орман өрттерінің 3 жағдайы тіркелді, сондирге жұмсалған шығындар сомасы - 99,9 мың теңге. 103,1 га алаңда 18 жана тіркелді.

2023 жылы орман заңнамасын бұзғаны үшін 26 хаттама (2022 жылы - 19 хаттама) толтырылды (заңсыз кесу - 1 дана, өзге де орман бұзушылықтар - 7 дана, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу - 9 хаттама. Ал аулау ережелерін бұзу бойынша 9 ескерту қаулысы).

Жалпы 560,6 мың теңге сомасына әкімшілік айыппұлдар салынды, олар 100% өндіріліп алынды (2022 жылы - 245,0 теңге сомасына - 100%). Залалды өтеу үшін 20,7 мың теңгеге талап-арыздар қойылды, ол 100% өтеледі, - деді директорының орынбасары баяндамасын аяқтап.

Кездесу қорытындысы бойынша облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан нақты ұсынымдар айтылып, алға мақсат-міндеттер қойылды.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
суреттерді түсірген автор.

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

МАҒЖАНДЫҚ БАСКЕТБОЛШЫЛАР – ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢНІҢ ЖЕҢІМШАЗЫ



15-17 наурыз аралығында Булаев қаласындағы Батыр Баи атындағы спорт кешенінде 9-11 сынып оқушылары арасында баскетболдан ұлттық мектеп лигасының облыстық кезеңі өтті. Ауданымыздың намысын дене шынықтыру өнінің мұрағілі Ахтам Мәкенев жаттықтыратын Батыр Баи атындағы Булаев мектеп-гимназиясының спортшылары қорғады.

Топтық кезеңде біздің баскетболшылар мықты қарсыластармен кездесті, атап айтар болсақ, тартыс өткен ойындарда Жамбыл, Есіл және Тайынша аудандарының спортшылары жеңді.

Финалдық ойындарда мағжандық баскетболшылар Петропавл қаласының Назарбаев зияткерлік мектебінің және Уәлиханов ауданының командаларымен кездесіп, лайықты өнер көрсетті.

Осылайша, мағжандық өрендер жасындай жарқылдан, баскетболдан ұлттық мектеп лигасының облыстық кезеңін жеңіп алды. Алдағы уақытта олар енді Қызылорда қаласында өтетін республика жарыста облыс намысын қорғайтын болады.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ,
суреттерді түсірген автор.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«СҰРАҚ - ЖАУАП» АЙДАРЫ



СҰРАҚ: Сәлеметсіз бе! Жақында жергілікті мемлекеттік органдан конкурстан өттім. Болашақта жұмыстан шығарылғаннан кейін заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тәсілдену қайта өту керек пе, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік қызметшілер тәсілдену өтіп жатыр ма? Рахмет.

ЖАУАП: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы (бұдан әрі - Заң) 27 баулы 8 тармағына сәйкес, теріс себептермен немесе олардың қызметін бағалау, сынақ мерзімінің не аттестаттау қорытындыларының нәтижелері бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, адам мемлекеттік қызметтен шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер ол өзге жеке және мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалармен еңбек қатынастарында тұрмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерге шықпаған жағдайда, тәсілдену өтпестен, конкурс қорытындысы бойынша "Б" корпусының мемлекеттік өкімшілік лауазымына орналасуға және (немесе) "Б" корпусының мемлекеттік өкімшілік лауазымына орналасуға конкурста және сайлауға қатысуға құқылы.

Бұл жағдайларда осы адамға міндетті арнайы тексеруден өту және активтері мен міндеттемелері туралы декларация тапсыру туралы талаптар қолданылмайды. Бұл ретте ішкі конкурста қызметшілері осы мемлекеттік органның ішкі конкурсына қатысуға

құқылы мемлекеттік органдардан қызметтен шығарылған адам ғана қатысуға құқылы.

Заңның 27 - бабының 9 - тармағына сәйкес, конкурсқа қатысатын мемлекеттік қызметшілер тәсілдену өтпейді.

СҰРАҚ: Сәлеметсіз бе! Өңірлік кадр резервіне іріктеуге қатысықым келеді. Кім қатысуға құқылы және ол үшін қандай құжаттар қажет? Рахмет.

ЖАУАП: Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 255 Жарлығымен бекітілген Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кадр резервін қалыптастыру және одан тағайындау қағидаларына сәйкес, өңірлік резервке іріктеуге отыз бес жасстан аспаған, жоғары білімі және үш жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады.

Өңірлік резервке іріктеуге қатысуды қалайтын азаматтар уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне қағаз жеткізгіште не хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына электрондық түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы жеке куәлігінің не паспортның көшірмесі;
- 2) өтініш;
- 3) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері;
- 4) соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

Өңірлік кадр резервіне іріктеу а.ж. 31 наурызға дейін жалғастырылатынын хабарлаймыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасы.

«МҰРАҒАТТЫҚ АНЫҚТАМАЛАР МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІ НЕМЕСЕ МҰРАҒАТТЫҚ ҮЗІНДІ КӨШІРМЕЛЕР БЕРУ»

Мағжан Жұмабаев ауданының мұрағат филиалы «Мұрағаттық анықтамалар, мұрағаттық құжаттардың көшірмелері немесе мұрағаттық үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Бұл қызмет филиалдың негізгі қызметінің бір түрі болып табылады және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізбесіне енгізілген.

Өтінішті қабылдау және осы қызметті көрсету нәтижесін беру үш тәсілмен жүзеге асырылады:

- 1. «Халыққа қызмет көрсету орталығы» (бұдан әрі - ХҚКО);
- 2. «Электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі - портал);
- 3. филиал кеңсесі арқылы.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік корпорациядан құжаттар келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде берілетінін білуге тиіс.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің 5 (бес) жылдан астам кезеңдегі құжаттарын зерделеуі қажет болған жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Мемлекеттік корпорация немесе 2 (екі) жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының кейіннен хабардар ете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық немесе қағаз түрінде. Қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы өтінішке мемлекеттік қызметті

сапалы және жылдам көрсетуге мүмкіндік беретін құжаттар мен материалдардың тиісті көшірмелерін қоса береді. Жұмыс өтілін растау үшін - ұйымның нақты атауы мен жұмыс кезеңдері қажет, тұрғылықты жері туралы анықтама алу үшін ауылдық кеңесті (ауылдық округті), ауылды, өтініш берушінің тұрғылықты жылдарын, отбасы басшысын білу қажет. Нотариаттық құжаттарды растау үшін мөмбеге қатысқан тұлғаларды, мүлкті сатушы мен сатып алушыны, күнін және т. б. көрсету қажет.

Мемлекеттік қызмет нәтижесі - әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мынадай: еңбек өтілі, жалақы мөлшері, жасы, отбасы құрамы, білімі, наградталуы, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, жазатайым оқиға, емделуде немесе эвакуацияда болу, қуғын-сүргінді қолдану, жаппай қырып-жою құрбандарын оңалту туралы растау туралы мұрағаттық анықтама не болмаса мөлiметтердің жоқтығы туралы жауап саяси қуғын-сүргін, жергілікті елді мекендерде тұру, туу, некеге тұру, некені бузу туралы азаматтық хал актілері туралы мәліметтер, 1921 жылдан 1948 жылға дейін қайтыс болғандар және басқалары.

Айта кету керек, ЭЦҚ және Интернетке қол жеткізе отырып, өтініш беруші үйден шықпай-ақ Қазақстан Республикасының басқа облыстары мен аудандарынан мұрағаттық анықтаманы сұрата алады.

2024 жылдың 2 айнада 323 сұрау түсті. 232 сұрау оң жауаппен орындалды. ХҚКО арқылы - 16, ЭҰП арқылы - 130 сұрау түсті.

Тамара МАКАРОВА,
филиал мұрағатшысы.

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ - ҰЛТ ҚЕЛБЕТІ



НАУРЫЗНАМАНЫҢ ОҢКҮНДІГІНЕ СӘЙКЕС, 20 НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ ҰЛЫҚТАЛАТЫН КҮН. ОСЫҒАН ОРАЙ, МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, БЕС АСЫҚ, ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ, АСЫҚ АТУ СИЯҚТЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН САЙЫСТАР ӨТКІЗІЛІП, ОҒАН АУДАН ПРОКУРОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АСЫЛБЕК ҚОҢЫРАТОВ ҚАТЫСТЫ.

Құрметті мейман оқушылар арасында өткен ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстарды тамашалап, тоғызқұмалақ ойынына қатысты.

Ұлттық спорт түрлері өліміздің брәндіне айналған. Қазақ халқы ежелден барлық мерекеде жарыс ұйымдастырған. Елімізде Бейге, кепкар, аударыспақ, жамбы ату, теңгеге ілу, құбегілік және тоғызқұмалақ, асық ату, садақ тарту турнирлері сияқты ұлттық спорт түрлері тез танымал болып, көпшіліктің қызығушылығын оятады. Осы ойындарды тамашалау арқылы көпшілік халқымыздың салт-дәстүрімен де таныса алады, - деді аудан прокурорының орынбасары.

Жарыс қорытындысы бойынша Асылбек Қоңыратов жеңімпаз бен жүлдегер оқушыларды

марапаттап, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тоқтар Қалтаевқа өскелең ұрпақты ұлттық спорт түрлеріне баулып, оны дамытуға қосып отырған үлесі үшін алғыс білдіріп, естелік сыйлық табыс етті.

Біздің ұлттық спортымыз - тек сайыс пен жарыс емес, онда көшпелі тұрмыстың рухы бар. Ұлы Далада күш-қайрат, өптілік, өзін-өзі кемелдендіруге ұмтылыс, жақындарына тіреу болу қабілеті өмір сүру мен дамудың кілті саналған. Ендеше, ұлттық спортымыз қарыштап дами берсін дейміз!

Ербол ЖЕКЕНОВ,
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің директоры.

МЕНИҢ ӘЛЕМІНІҢ ШЕКАРАСЫ

ОҚУШЫЛАР ШЕКАРАШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ



Наурыз мерекесі қарсаңында Медежені орта мектебінің оқушылары «Баян Батыр» шекара бөлімшесінде болып, шекарашылардың қызметімен танысты.

Жас өрендер алдымен шекара бөлімшесінің қару-жарақ сақталатын, арнайы құралдар мен киім нысандарын, әскери техникаларын, шекара бөлімшесінің ішкі және сыртқы аумағын аралап көрді. Сондай-ақ балалар «Рисана» атты қызметтік іттің кинолог маманының ауызша айтқан және белгі беру арқылы көрсеткен әмірлерін орындағанына куә болып, адам мен іттің байланысына ерекше қызығушылық танытты.

Содан кейін оқушылар әскери сайысқа қатысып, бақтарын сынады. Мәселен, АК-47 қаруын толық емес күйде пашу және жинау сайысында Жанлос Құрбанбаев 1-ші орынды жеңіп алды, 2-ші орынды Қалмыра Жыһанды, ал 3-ші орын Жандарбек Құрбанбаев иеленді.

Тартасты өткен оқушылар оқ жинау сайысының нәтижесінде 1- орын алған Ста-

нислав Сапсай жеңімпаз атанды, ал Назар Нұрмұқанов пен Арман Мұханбетқалиев 2-ші және 3-ші орындарға жайғасты.

Жаппай қырып-жою қаруынан қорғану киімін киноден жарысқан балалар ептілік пен жылдамдық танытып, оның қорытындысы бойынша Петр Халимоненкоға тең келер ешкім болмады, Арсений Валчков 2-ші орыннан көрінсе, Николай Жуков 3-ші орынды қанағат тұтты.

Жеңімпаз және жүлдегер атанған барлық оқушылар «Мағжан» шекара бөлімі бастығының атынан мақтау қағаздар табыс етіліп, өскелең ұрпақ өкілдеріне алғыс білдірілді.

Әділхан БАУЫРЖАН,
Баян Батыр шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, лейтенант.

ОРАЗАНЫҢ СЫРЫ МЕН САУАБЫ



Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Барлық мақтау Аллаға тән. Тура жолдың маңілігі өнегесі болған ардақты Пайғамбарымызға салауаттар мен сәлемдер болсын. Баршамызды айлардың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Аллаға шексіз шүкір айтаймыз.

Жоқтан бар етіп жаратқан Раббымыз Рамазан айы келгенде шамасы келген пенделеріне ораза ұстауды парыз, яғни Исламның бес тірегінің бірі еткен. Бұл – Алла Тағаланың бізге сыйлаған өте үлкен кеңшілігі мен нығметі. Жаратушы Иеміз Құранның «Бақара» сүресінің 185-аятында: «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол нұсқаушы және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді», – деп Рамазан айының қадірін қасиетті Құран арқылы белгілеген.

Расында адамзат баласы асқан кезде, лағынеті шайтанның арбауына ілескен сәтте, жер бетіне надандық жайылған уақытта, адами құндылықтар талпалған заманда Алланың өз пенделеріне деген шексіз мейірімін нәтижесінде көркем насихат, жүректі түрлі дертен сақтау, тура жол көрсету үшін қасиетті Рамазан айында Құран түсіріле бастады. Бұл туралы Хақ Тағала Құранда былай дейді: «Уа, адамдар! Сендерге расында Раббыларыңнан насихат, көкіректердегі дерттерге шипа әрі мұминдер үшін тура жол мен рақым (Ислам мен Құран) келді. (Уа, Мұхаммед!) «Олар, Алланың кеңшілігі, мұхаббатымен болған осылармен қуансын. Өйткені, Құран олардың жиған-тергендерінен қайырлы» деп».

Шын мәнінде қасиетті Құран адамзат баласының игі істері, яки жасаған жақсы дұғалары үшін түскен жоқ. Құран Алла Тағаланың адамзат баласына шексіз

жақсылығы мен рақымы үшін түсті. Құран аяттары ақтықарадан, адалдығараманна ажыратып берді. Екі дүние бақытына жетелейтін парыз амалдар бекітілді. Ендеше бұл – біз үшін нағыз қуанатын жағдай. Жер бетінде адам баласы үшін Құранды оқып, оның мағынасын ұғып, ғибрат алып, аяттарға сай амал етуден артық қуаныш жоқ. Себебі жер бетінде не жисақ та, қандай рызық-нығметке бөлсек те, қандай билік пен байлыққа кенелсек те, мұның ешқайсысы Алланың Құранды түсіруінен артық емес.

Жаратушы Иеміздің қасиетті Құран аяттарын он екі айдың сұлтаны болған Рамазан айында түсіре бастауының өзіндік хикметі бар. Рамазан Алланы ұлықтау, пәктеу, Оған мүмін сипатымен бойсуну айы болғандықтан, ораза адам баласын өмір бойы мұсылман деген атқа сай ғұмыр кешуге тәрбиелейді. Ол үшін ең алдымен қасиетті Құранға байланыуды үйренуіміз керек. Құранға байланған адам бақытқа бөленеді. Әйгілі ғұлама Хасан Басри (Алла оны рақымына бөлесін): «Егер де Алланың сенімен сөйлесуін қаласаң, Құран оқы!» – деген сөзінде үлкен мән жатыр.

Бірде ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Алла Тағала айтты: «Адам баласының оразадан басқа амалының барлығы өзі үшін. Ал ораза – Мен үшін, оның сауабын Өзім беремін». Басқа риуаят: «(Алла Тағала): «Мен өзінің тамағын, суынын мен шаһуатын Мен үшін тастайды. Ораза мен үшін, оның сыйын Өзім беремін. Сондай-ақ әрбір жақсылық он еселенеді», – делінген. Мұсылман баласының намаз оқуы, қажылыққа баруы, зекет-садақа беруі, Алланы разы ететін қандай да жақсы амал жасауы өзінің игілігі үшін орындалады. Жоғарыда келтірілген хадистің мәні мынада: адам оразадан басқа парыз амалдарды орындау барысында оның ниетін түрлі ойлар бұзуы мүмкін. Соның салдарынан қателіктерге ұрынып жатады. Ал ораза нәсігіе ауыр келетін құлшылықтың бірі болғандықтан, кез келген адам ауыз бекіте бермейді. Алайда бұл Аллаға ықыласты пенделер үшін ауыр емес. Керісінше құлшына кірісіп, мол сауап алуға тырысады, оны беріле орындайды.

Алла Тағала пенделерін ораза ұстап қана қоймай, көбірек жақсылық жасауға құлшындырып: «Ораза мен үшін, оның сыйын Өзім беремін. Сондай-ақ әрбір жақсылық он еселенеді», – дейді. Ауыз бекіткен адамға қандай дәрежеде сауап жазылатынын періштелер де білмейді.

Мысалы, біз бір күнде бес рет намаз оқымыз. Алланың уәде еткені бойынша ниетіміз бен ықыласымыздың дұрыс болуына қарай әр намазымызға он намаз оқығанның сауабы беріледі, оны періштелер жазады. Ал оразаның сауабын Алланың өзі береді екен.

Раббымыз Рамазданда бізді арам нәрсені былай қойғанда адал болған амалдың өзінен тыйып отыр. Күндіз адал болған асудан, адал болған намазға жақындаудан тыйыламыз. Мұның хикметі не? Ораза құлшылығының түпкі мәні – Алланы жақсы көруге, Оның разылығына жетелейтін амалдарды жақсы көруге ұмтылу. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дұға жасайтын: «Уа, Алла Тағала! Өзіңді жақсы көруді және Сені жақсы көретінді жақсы көруді және Сенің жақсы көруіңе жақындататын әрбір амалды жақсы көруді маған нәсіп ет! Уа, Алла Тағала! Сенен мәселенің қайырлысын, жақсы дұға, жақсы нәтиже және жақсы сауап сұраймын. Мені бекем ет және таразымды ауырат, иманымды нығайт, дәрежемді көтер, намазымды және ғибадаттарымды қабыл ет, қатемді кешір және маған жоғары дәрежелі жаннатты нәсіп ет!».

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осыған ұқсас тағы бір дұғасында: «Ей, Аллаһым! Сенен Сенің сүйіспеншілігіңді, Сені жақсы көретінді жақсы көруді және Сенің сүйіспеншілігіңе мені жақындататын амалдарды сұраймын. Ей, Аллаһым! Сенің сүйіспеншілігіңді, жанымнан, бала-шағамнан және суық судан да артық ет!» (Термизи, Дауд 73) – деп айтқан екен. Адам баласын үмі жамандыққа итермелейтін нәсігіе ораздан асқан ауыр нәрсе жоқ. Хасан әл-Басри (Алла оны рақымына алысын) айтқандай, жүгендеуге мұқтаж болған нәсігінен артық асау жоқ. Бір данышпан: «Кім өзіне Алладан артық дос бар деп ойласа, Алла Тағала жайлы таңымы аз болғаны. Кімнің нәсігінен үлкен дұшпан бар деген ойы болса, нәсігісін дұрыс білмегені», – деген екен.

Расында тән қалауын үнемі жүгендеп отыратын бірден-бір жол – ораза ұстау. Осыған дейін ашуды тізгінеуді үйренбеген болсақ, оны ораза үйретеді. Осыған дейін көңіл қалауымызды артығымен тамақтансақ, ораза хадиске сай аз мөлшерде тамақ жеуді үйретеді. Осыған дейін бойымызды тақпарлық сөзіміз көрініс тапқан болса, оны ораза жойып жібереді. Осыған дейін мискіндерге көңіл бөлмеген болсақ, оразада хәліміз олармен теңесіп, садақа беруге ден

доямыз. Міне, ұлық болған Рамазан бір ай бойы мұсылмандық сипатқа сай өмір сүруге тәрбиелейді. Бір айда жамандықтан айрылған адам қалған айларда да жағымсыз әрекетке бой алдырмайды.

Ізгілерден қалған мынадай сөз бар: «Кемелдікке жету үшін адам баласына төрт-ақ нәрсе керек: аз ішіп-жеу, аз ұлықтау, аз сөйлеу немесе көпшіліктен арагдік бөлініп, оңашалану». Пенде осы аталған төрт қасиетке ораза ұстау арқылы жетеді. Шын мәнінде күні бойы аз құрсақ жүрген адам бір ай бойы аз тамақ жеуге дағдыланады. Күнін оразамен өткізген мұсылман түнін құлшылыққа арнайды. Түнгі намаздарға көңіл бөліп, жамағатпен тарауық намазына қатысады. Одан бөлек таң намазы алдында түнгі таһажуд намазын өтейді. Ауыз берік адам артық сөйлеуден сақтанады. Осылайша аз сөйлеуге дағдыланады. Ал Рамазан айының соңғы он күнін оңаша өткізуге ниет танытқан пенде игтиқаға кіріп, өзін дүние істерінен босатып, уақыты мен күш-жігерін құлшылық жасауға арнайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбеттерінің өзге үмбеттерден ерекшеленетін бес қасиеті бар. Бұл туралы Алла елшісі былай деген: «Менің үмбетіме Рамазан айында бұдан бұрын ешбір үмбетке берілмеген бес түрлі қасиет берілді:

1. Ораза тұтушының аузының ісі Алланың алдында хош иісті мисктен, сөзсіз, артық болады;
2. Ауыз ашқанша періштелер олар үшін Алладан истиғфар тілеп тұрады;
3. Алла Тағала Рамазан айының әрбір күні жәннаттан бөзедіріп оған: «Менің игі құлдарыңның ауырталықтар мен тауқыметтерден тастап, саған кіретін күні жақын қалды», – дейді;
4. Бұл айда жейдәрдің біразы шынжырланып, басқа айларда істейтін нәрселерін істей алмайды;
5. Ал соңғы түні болғанда олардың (мұсылмандардың) күнәларын көшіріледі. Сахабалар: «Уа, Расулалла! Ол түн Қадір түні ме?» – деп сұрағанда: «Жоқ, жұмысшы да ісін толық бітірген соң өзінің сыйын алмаушы ма еді? Сол сияқты» – деген.

Алла Тағала баршамызға қасиетті Рамазан айында оразамазды кемеліне жеткізіп ұстауды жазағай! Қасиетті айда жасаған әрбір игі амалымызға мол сауаптар жазып, келесі Рамазан айында да аман-есен жеткізгей! Әмин!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти.**

ҰЛЫҚ АЙДЫ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛАМЫЗ?

еткен адамдардың күнәсін Алла кең мейіріммен кешіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадисінде:

«Күнәсінен шынайы түрде тәубе еткен адам, күнәсі жоқ адамдай тазарады», деген. Ей, мұсылман бауыр!

Бұл қасиетті айдың кіріуімен сен жаңаша оянуың қажет, күніңді жаңа парақтан бастап, өміріңді жақсы арнаға өзгерт, Алланың азабынан құтылып, уәде еткен жәннаттына кірудің қамын жаса. Өмірге ақыл көзімен қарап үйрен, сол кезде өмірдің мәнін түсініп, қызылды-жасылды дүниенің қызықтарына алданбайсың! Алла Тағала Құранда:

«Бұл дүниенің тіршілігі алдамшы өрі өткініш қызықтан басқа ештеңе емес» деген.

Рамазан – ерекше ай. Ол Тәңірдің адамзатқа берген айрықша сыйы. Отыз күн жұмаққа беттелген отыз қадамдай өр күнінде бөреке бар.

Рамазан – айлардың сұлтаны. Игі істер мөлаятты маусым. Қасиетті Рамазданда шын ықыласпен ораза тұту арқылы, пенде өзін Алланың қаһарынан, тозақ отынан, қабір азабынан, әзәзілдің арбауынан, екіжүзіліктен алыс болады. Бұл ай жанды балқытатын, жүректі жұмсартатын, рухты азықтандыратын ай.

Рамазан айы қарсаңында не жасауымыз қажет. Біріншіден: Ең алдымен мұсылман үшін осы айға жетудің өзі үлкен нығмет екенін сезіну қажет. Сол себепті Раббысынан осы айға аман-есен жеткізуін, ораза ұстап, құлшылық ғибадат жасауға мүмкіндік беретін денсаулық беруді сұрайды. Өнәс ибн Мәлік риуаят еткен хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Ражаб айы кіргенде былай дейтін:

«Уа, Алла! Біздер үшін ережелі, шағбан айы берекелі ет және рамазан айына қауыштыр!».

Сахабалар рамазанға жақын қалғанда: «Қасиетті рамазанға жеткізе көр» деп, рамазаннан кейін: «Уа, Раббым! Оразамазды қабыл ете көр» деп, дұға жасайтын.

Екіншіден: Рамазан айына кірген адам міндетті түрде Раббысына лайықты түрде шүкір айту керек. Өйткені адамның бұл қасиетті науқан айына жетуі сансыз сауапқа кенелуге мүмкіндік алуы – Алланың адам баласына берген шексіз сыйы және бұл сені соңғы рамазаның болмасына да қам көпірі! Сол себепті рамазан айына аман-есен жетсең, бұл ұлы нығметті Раббыңның саған

берген мұрсаты деп біл.

Үшіншіден: Бұл қуаныш шаттық айы. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) жеткен хабарда Алланың елшісі сахабаларын рамазан айының келуімен сүйіншілейтін. Оның (с.ғ.с.) осы турасында мынадай айтқан сөзі бар: «Сендерге Рамазан айы келді, бұл бөреке толы ай. Алла осы айда оразасын парыз етті. Бұл айда жәннат есіктері айқара ашылып, тозақ есіктері жабылады». Сол себепті рамазан айында шәпіркеп, аптап ыстықтың қиындығын сезген кезде, еңсеп түсіп, қобалжыма керісінше әрдайым жүзіңнен күлкі кетпесін. Өйткені, Алланың нығметін сезіп, риза болудың өзі құлшылық амалдан болып табылады.

Төртіншіден: Оразаға арнайы жоспар құр. Көпшілігіміз рамазанға қатысты лайықты жоспар құр алмағандықтан бұл айдың қалай өтіп кеткенін байқамай қаламыз. Рамазан айындағы өр күнін, өр сағатын босқа өткізіп алмауымыз қажет. Жоспарыңызда намазға, Құран оқуға, білім алуға, игі амалдар жасауға, үзіліп кеткен байланыстарды қайта қосуға тиісінше еңбек етуге орын болған дұрыс. Сонымен қатар өр оразада ерекше игі амал жасау арқылы бұл ораза өмір бақи сенің және сенің жанұяңның есінде қаларлықтай болу қажет.

Бесіншіден: Бұл қасиетті ай басталмай тұрып, оразаға қатысты фикһ үкімдерін, парыздарын, сүннеттерін, оразаны бұзатын, бұзбайтын амалдарды, оразадағы жейілдіктерді білген жөн. Білмесең білім иелерінен сұрап, ораза жасауда толық мәлімет ал!

Алтыншыдан: Бұл ай басталмас бұрын барлық күнәларымызға шынайы түрде тәубе еткен жөн. Өйткені бұл ай күнәларымыз үшін шынайы түрде кешірім сұрап тәубе жасайтын ай. Алла Тағала қасиетті Құран Керімде: «Бәрің бір ауыздан Аллага тәубе етіндер сонда ғана (азаптан құтылып) мақсат мұраттарыңа жетесіңдер» деген.

Жетіншіден: Бұл айдың келуімен мұсылман адам жақындарына хабарласып, оларды құттықтап, құттықтау қағаздарын әзірлеп, үйді тазартып, маңызды болған істерін рамазанға дейін аяқтап, үйге қажетті заттарды айып ерекше дайындауы қажет.

Сегізіншіден: Өткен жылы ораза айында жеткен жетістігіңнен шектеліп қалмай сол игі істерді одан ары дамытып кемеліне келтіруі қажет. Өткен жылы ораза барысын-



да жіберген қателіктері болса, оны осы айда қайталамауға тырысады. Ораза мұсылман үшін жаңа парақ іспеттес өміріне көз жүйгіртіп, сол таза жаңа параққа тек сауапты амалдар жазылуына бар күш жігерін жұмсауы тиіс.

Баршаларымыздың мұбарак айдағы игі амалдарыңызға Алла сансыз сауаптар жазып, екі дүние бақытына бөлесін.

Сонымен бірге мына ақпаратқа да назар аударғым келеді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан т.б. елдердің Ғұламалар кеңесімен, пәтуа саласына жауапты ғалымдармен ақылдаса келе, биылғы Рамазан айының басталатын күні бекітілді.

Ортақ пәтуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталады. Ал сәуір айының 5-нен 6-на қараған түн – қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Төралқа мәжілісінде пітір садақасы еліміз бойынша екі көл ұнын орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді.

Сондай-ақ өзіңізге қажетті облыс, қала, аудан және ауылдың (барлығы 6000 елді мекен) ораза және намаз кестесін жоғары сапада pdf форматта muftuat.kz сайынан <https://www.muftuat.kz/kk/page/ramadan> сілтемесі бойынша жүктеп алуға болады.

**Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Солтүстік Қазақстан облысының
Бас имамы.**

Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға сансыз мадақ! Оның сүйікті құлы әрі елшісі Мұхаммедке, оның сахабаларына Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Ақиқатында Рамазан айы бөрекеге толы, мүмкіншілік ай. Әрбір мұсылман үшін игі амалдарды істеу арқылы Жаратушысына жақындай түсетін, Раббысының мейірімін үміт ететін ай. Барлық жамандық атаулыдан тыйылып, өмірін жаңа парақтан бастауға мүмкіндік алатын ай.

Уа, мұсылман бауыр! Бұл қасиетті айдың әрбір күнін босқа жіберіп алмауға тырыс. Игі амалдарға бірінші болып ұмтыл, Алладан зор сауапты күт, өйткені бұл ай риясыз жақсылық жасайтын ай. Алланың сүйікті елшісі пайғамбарымыз (с.ғ.с.)

«Рамазан айының алғашқы түні келгенде, жәннаттың есіктері айқара ашылып, тозақтың есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді» деді.

Уа, мұсылман бауыр! Сен бұл қасиетті айды аса ыждағаттылықпен қарсы ал! Ақыреттің үшін салихалы амалдарды көбірек жасауға тырыс, өйткені өміріміз қамшының сабындай тым қысқа.

Өмір бекет болса, осы қысқа уақытта дүниені қызықтарына алданбай, ақыреттік азығымызды жинайық! Бұл айда сен үшін барлық жақсылықтың есігі ашық.

Бұл ай мұсылман үшін науқан айы. Сенің Құран оқуың, Алланы еске алуың, тасбих тартуың, дұға жасап садақа беруің, жақсылыққа шақырып, тіліңнен бастап, бүкіл дененің жасалатын жамандықтан тыйылуың, ілімді талап етуің, айналана пайданды тигізуің, Рамазан айында жасалатын игі амалдардың бір тізбегі ғана.

Уа, мұсылман бауыр! Сен бұл айда өзіңе есеп беру арқылы ұлы есепке дайындығыңды саралап псықытатын ай. Омар (Алла одан разы болсын) былай деп айтқан:

«Ұлы есепке түспей тұрып, өздеріңе есеп беріндер, қияметтегі таразыға тартылып тұрып, нәсілерінді бұл дүниеде таразылаңдар, барлық құпиялар өшкере болатын ұлы күнге қамданыңдар!».

Уа, мұсылман бауыр!

Бұл қасиетті ай игі амалдарға ұмтылатын ай! Ал игі амалдардың алғашқы басындағы күнәларыңа шынайы тәубе етуің. Алла Тағала Құран Керімде:

«Уа, иман келтіргендер! Шынайы түрде тәубе етіп, Аллага бет бұрыңдар. Міне, сонда Раббыларың күне қателіктеріңді өшпеді нем бәрінді түбінен өзінде ағатын жәннат бақшаларына кіргізеді» деді.

Шынайы түрде күнәларыңа өкініп, тәубе



Дүйсенбі, 25 наурыз	Сейсенбі, 26 наурыз	Сәрсенбі, 27 наурыз	Бейсенбі, 28 наурыз	Жұма, 29 наурыз	Сенбі, 30 наурыз	Жексенбі, 31 наурыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 Т/Х «БҮРКІТШІ ҚЫЗ». 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 ӘН МЕН ӘНШІ. 13.50 М.Ф «АРЫСТАН ПАТША». 15.10 М.Ф «АРЫСТАН ПАТША-2: СИМБАНЫҢ МАҚТАНЫШЫ». 16.20, 01.20 КОНЦЕРТ. 19.50 М.Ф «АРЫСТАН ПАТША 3: ХАКУНА МАТАТА». 21.00 САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ! 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.55 «ЕҢ СУЛУ», Х.Ф. 02.40 САНА. 03.40 ОТАНДЫҚ BEND.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30 ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН! 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 02.40 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 АҚСАУЫТ. 15.15 М.Ф «АРЫСТАН ПАТША-3: ХАКУНА МАТАТА». 16.25 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 03.15 ASHYQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 00.15 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 00.35 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.50 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 02.20 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.55 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ОТАНДЫҚ BEND. 14.50 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. 15.15 «ОТАНДАСТАР», Д.Ф. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 00.50 ASHYQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.45 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.50 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.55 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ТІРШЛІК. 15.15 ИНЖУ-МАРЖАН. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 00.50 ASHYQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.45 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 TAÑSHOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.10 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 «АҒАРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ-30 ЖЫЛ». 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.00 Т/Х «КҮДАША ҚЫЗ». 20.30, 01.05 ASHYQ ALAÑ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.05 «ҚАЗАҚТАР», Д.Ф. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00, 03.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.30, 02.35 ШАҢЫРАҚ 08.00 САҒЫНДЫРҒАН ӘНДЕР-АЙ! 09.00, 01.00 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 13.50 «ОРАЛМАН», Х.Ф. 15.40 М.Ф «ШРЕК». 17.20 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР ҚЫЗЫ». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.50 БІРЕГЕЙ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.25 «ҚАЗАҚТАР», Д.Ф. 06.30 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.20, 02.55 ШАҢЫРАҚ 07.55 «ДӨУІР ДАНАЛА-РЫ», Д.Ф. 08.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 14.25 М.Ф «ШРЕК». 15.45 ӘН ДӨРЕН. 17.10 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ». 20.00, 01.55 АПТА. 20.50, 02.45 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 00.00 QAZAQSTAN DAUYCЫ.

Дүйсенбі, 25 наурыз	Сейсенбі, 26 наурыз	Сәрсенбі, 27 наурыз	Бейсенбі, 28 наурыз	Жұма, 29 наурыз	Сенбі, 30 наурыз	Жексенбі, 31 наурыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «ЛИКВИДАТОР», Х.Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БЗДЦ НАЗАРДА. 10.25 М.Ф. 11.40 М.Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 15.00, 21.45 Т/Х «ӘПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ОХОТА ЗА ПРИЗРАКОМ», Х.Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М.Ф. 11.40 М.Ф «АРТУР И МИНИПУТЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 15.00, 21.45 Т/Х «ӘПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «АМАНАТ», Х.Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 15.00, 21.45 Т/Х «ӘПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ДЕВУШКА И МОРЕ», Х.Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 15.00, 21.45 Т/Х «ӘПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «УАҚЫТ ЖОЛДАРЫ», Х.Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ ОТДЫХ 10.20 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ. ЖЫЛЫ ҰЯ». 15.00, 21.45 Т/Х «ӘПКЕ». 16.00 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАНАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ», Х.Ф. 00.30 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 «Я ЛЮБЛЮ ТЕБЯ», Х.Ф. 12.00 М.Ф. 13.20 М.Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 14.00 XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 17.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 22.40 «УКРАСТЬ РАФАЭЛЯ», Х.Ф. 00.40 ӘСЕМ ӘНДЕР.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 Д.Ф. 10.00 «УКРАСТЬ РАФАЭЛЯ», Х.Ф. 12.00 М.Ф. 13.30 М.Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 14.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 14.45 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.10 «ЛЮБОВЬ СО ВКУСОМ», Х.Ф. 00.10 ОКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 25 наурыз	Сейсенбі, 26 наурыз	Сәрсенбі, 27 наурыз	Бейсенбі, 28 наурыз	Жұма, 29 наурыз	Сенбі, 30 наурыз	Жексенбі, 31 наурыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00 «П@УТИНА». 08.00, 03.25 DASTARXAN. 09.15 «БАРБОСКИНЫ ТЕАМ». 11.00 «ВТОРОЙ БРАК», Х.Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.15 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ЛИХАЧ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.40 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ЗАПРЕТНАЯ ЛЮБОВЬ». 14.00, 01.55 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.25 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ТРИ В ОДНОМ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.25 ТОЙ БАЗАР. 08.05, 02.40 «П@УТИНА». 09.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 10.50 «КОМУНАЛКА», Х.Ф. 14.50 «ТЫ ТОЛЬКО МОЙ», Х.Ф. 18.30, 02.10 АЙНА. 19.00 «ЛЕДОКОЛЬ», Х.Ф. 21.10 «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД», Х.Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.10 ТОЙ БАЗАР. 07.40, 02.25 «П@УТИНА». 08.20 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.35 «ВЕСЕЛАЯ ФЕРМА», Х.Ф. 09.55 ҚАЙМАҚ. 10.30 «НЕ ОГЛЯДЫВАЙСЯ НАЗАД», Х.Ф. 14.25 «ЖИВАЯ ВОДА», Х.Ф. 18.05 «КУРКУЛЬ», Х.Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПРОСТИТЬ СЕБЯ», Х.Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Ақынға адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сыр сөйлейді қааламына.
Қазақтың қаны бір, жаны бір
жолбасшысы – мұғалім.
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



С ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ



СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ ҚАУШ

3. Жертелелерден барлық азық-түлік қорларын алып тастау;
4. Ауладан су зақымдауы мүмкін барлық заттарды қорғалған орынға алып тастау;
5. Ақаусыз жүзу құралдарын: қайықты, салды (бар болса) дайын күйде ұстау;
6. Терезелер және есіктерді жабу, қажет болған жағдайда бірінші қабаттың терезелері мен есіктерін тақталармен немесе фанермен шегелеу;
7. Келесі заттарды дайындау және дайын күйінде ұстау:
- Полиэтилен пакеттермен қапталған құжаттармен және бағалы заттармен, бірінші қажетті заттармен сөмкені (рюкзак);
- Азық-түлік қорын, жылы киімді, гигиена құралдарын;
- Дәрі-дәрмек қорындасын, майшамды, батареялар қоры бар қалта шапқы;
- Төбеге немесе шатырға шығу үшін сатыны;
Эвакуация басталуы туралы сигнал алған кезде келесілерді тез жинап, өзіңмен бірге алу қажет:
- Құжаттар (герметик орауында), бағалы заттар, дәрі-дәрмектер;
- Жыл маусымына қарай киім және аяқ киім жинағы;
- Үш күнге азық-түлік қоры, содан кейін қауіпсіз орналасқан жерге жіберу үшін жарияланған көшіру пунктіне бару;

- Кенеттен су басқан кезде малды қауіпсіз су басудан шалғай жерге айдау қажет. Жақын маңдағы биік жерге орналасып, сумен тасымалдауға дайын болу. Құтқарушылар айнала сумен қоршалған және мұқтаж адамдарды уақытында табуға мүмкіндік беретін шаралар қабылдау қажет;
- Жарық кезде жоғары орынға матаны ілу;
- Қараңғы уақытта жарық сигналдарын беру керек.
Есіңізде болсын! Су басқан жерлерде су тиген азық-түлікті жеуге және қайнамаған суды ішуге болмайды.
Азаматтар! Кез-келген жағдайда байсалдылықты жоғалтпаңыздар, үрейге бой алдырмаңыздар, барынша әбігерленбей және сенімді тез әрекет етіңіздер!
Су тасқынынан кейін
Су кеткеннен кейін қалпына келтіру жұмыстарына кірісу қажет. Бұл ретте, келесі қауіпсіздік техникасының талаптары сақталсын:
- Үй-жайға абылай кіру керек;
- Фимараттың құлау қауіпі жоқтығына көз жеткізіу;
- Ішкі үй-жайларды, заттарды келтіру, қоқыс жинау, аумақты және тұрғын үйді жарамды күйге келтіру қажет.
Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

Су тасқыны - жаңбыр жаудан немесе қардың қарқынды еруінен судың қысқа уақытта жылдам көтерілуі.
Су тасқынын болжауға, ол үшін алдын ала шаралар қабылдауға болады. Су басуы мүмкін деген болжам алысымен халықты дабыл желісі арқылы радио - және телевизиялық хабар тарату және басқа да мүмкін болатын құралдармен хабардар ету жүзеге асырылады. Су басу қаупі туралы ескерту алған соң туған-туыстарыңызға, көршілеріңізге хабарлаңыз, қарт адамдарға және науқастарға көмек көрсетіңіз.
Су тасқыны басталғанға дейін не істеу керек?
1. Барлық ірі және құнды заттарды шатырға немесе басқа қауіпсіз жерге көшіру;
2. Су, газ, электр қуатын өшіріп, пештегі отты сөндіру;

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және Қазақстан Республикасы азаматтарының сенімі мен мемлекеттік органдарының қызметін арттырудың маңызды аспектісі және Қазақстанның 2021-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының мақсаттарының бірі болып табылады.



арқылы 2480 мемлекеттік қызмет көрсетілді.
Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп Булаев қаласының тұрғындары арасында "Электрондық үкімет" порталы пайдалану дағдыларына оқыту жүргізіледі. Аппараттың ресми веб-сайтында қолданыстағы ережелерге, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына шағымдану тәртібіне, қорсетілетін қызметті алушылардың қызметтерді алу құқығына сілтемелермен аппарат ұсынатын мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары жарияланған, Виртуалды қабылдау бөлмесі бар, бұл азаматтардың аппарат басшылығына және бас мамандарға жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған қосымша құрал.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алғышарттарының бірі мемлекеттік қызметшінің азаматпен тікелей байланысының болуы болып табылады, сондықтан мемлекеттік қызметтерді алу рәсімі неғұрлым жеңіл және ашық болса, сыбайлас жемқорлық деңгейі соғұрлым аз болады.

учаскесіне құқықтар алу.
Оның ішінде: аппарат деңгейінде 5 қызмет; 4 қызмет электрондық үкімет порталы және электрондық лицензиялау порталы арқылы электрондық түрде қорсетіледі.

Орналастырылған QR кодтары бар мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары бар стенд, отіншітердің үлгілері, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына шағымдану тәртібі, қорсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер алуға құқықтары және шағымдарды тіркеуге жауапты тұлға қорсетілген шағымдар кітабы бар.

Осыған байланысты Булаев қаласы әкімінің аппараты заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану, мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін барынша автоматтандыру және оларды электрондық түрде көрсету (мысалы, мемлекеттік қызметтерді тек "электрондық үкімет" арқылы көрсету) арқылы адам фактордың әсерін барынша азайтты.

2023 жылы Аппарат 105 мемлекеттік қызмет көрсетті. Бұл ретте, 7 қорсетілетін қызметті алушыға қолданыстағы заңнамаса сәйкес негізді түрде мемлекеттік қызмет көрсетулен бас тартылды.

Азаматтардан ұсыныс жөшігі бар, аудандық "Мағжан Жұлдызы" және "Весті" газеттерінде тоқсан сайын "Сенім" телефондары, Булаев қаласы әкімі мен оның орынбасарының азаматтарды қабылдау кестесі жарияланады.

"Мемлекеттік қорсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қорсетілетін қызмет - қорсетілетін қызметті алушылардың отінші бойынша немесе отіншісіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Қорсетілетін қызметті алушылар арасында Мемлекеттік қызметтерді алу мәселелері бойынша ақпараттық брошюраларды тарату тұрақты негізде жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтерді алу жолдары туралы 2650-ден астам брошюралар таратылды. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту, электрондық қызметтерді танымал ету үшін Аппарат 6 түсіндіру іс-шарасы өткізді: Facebook парақшасында 3 тікелей эфир, 1 интернет-конференция, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАК (ХҚКО) жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жеке қабылдау, 1 брошюра әзірленді.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы мен уақтылығын одан әрі арттыру мәселелері тұрақты бақылауда, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін бұзушылықтарға жол бермеу жөнінде шаралар қабылданады.

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі аппараты (бұдан әрі - Аппарат) мемлекеттік қорсетілетін қызметтер Тізіліміне сәйкес мемлекеттік қорсетілетін қызметтердің 5 түрі қорсетеді:

Электрондық қызметтерді танымал ету бөлігінде қалада "Ашық әкімдік" және халықтың электрондық қызметтерді алуына қол жеткізу үшін "Connection Point" өзіне-өзі қызмет көрсету алаңы жұмыс істейді, онда қызмет алушылар үшін күтуге арналған үстелдер, орындықтар, жұмсак орындықтар орнатылған.
Өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы

Мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес белгіленген мерзімде қорсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдану түскен жоқ.
Қосымша ақпарат алу үшін Булаев қаласы әкімінің аппаратына мына мекен жай бойынша хабарласуға болады: Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14 үй, телефон 2-14-07.

- Жер учаскесін жеке меншікке біржолғы немесе бөліп-бөліп сату;
- Жер учаскесін алуға кезекке қою;
- Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
- Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту;
- Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер

Азамат ҚЫРАУБАЕВ,
Булаев қаласының әкімі.

БАЛҚИЯ САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ ӨТЕУЛЕНОВА



2024 жылдың 19 наурызында 75 жасқа қараған шағында бөлсенді қоғам қайраткері, Мағжан Жұмабаев аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Балқия Сағындыққызы Өтеуленова өмірден өтті.

Балқия Сағындыққызы 1949 жылы 13 шілдеде Булаев қаласында дүниеге келген. №1 Булаев орта мектебін бітірген. С. Ордоникидзе атындағы Мәскеу геологиялық барлау институтын аяқтағаннан кейін еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан геологиялық барлау экспедициясында бас геолог болып бастады. Кейін отбасылық жағдайға байланысты ол туған жеріне қайта оралып, Полудин орта мектебінде химия пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1980 жылы аудандық партия комитетінің ұсынысымен жолдama бойынша Булаев қаласындағы 10 өндірістік-техникалық училищесіне жіберіліп, онда бірнеше жыл директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1986 жылы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып тағайындалды, кейін аудандық партия комитетінің жалпы Балқия Сағындыққызы Булаев аудандық Халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1995 жылдан бастап аудандық әкімшілік басшысының орынбасары, аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, 1999 жылы аудандық мәдениет бөлімін, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімін басқарды. 2005 жылдан 2010 жылға дейін Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры болып жұмыс істеді. Жалпы жұмыс өтілі - 45 жылдан астам.

Құрметті демалысқа шыққаннан кейін Балқия Сағындыққызы Төралқаның бөлсенді мүшесі, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары бола отырып, қоғамдық қызметпен айналысуды жалғастырды. Ол ардагерлер ұйымының жұмысын жеңілдетуге, жастарға патриоттық және адамгершілік тәрбие беруге зор үлес қосты. Оның басшылығымен қарттардың мәдени және спорттық демалыс клубтары құрылып, бөлсенді жұмыс жасады. 2019 жылы ардагерлер кеңесі әлеуметтік жобаларға бөлсенді қатысқан және бүгінде де қатысып келе жатқан күміс еріктер жасаған құрды. 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша аудандық ардагерлер кеңесі Қазақстан Республикасының ардагерлер кеңесі Құрмет кітабына енгізіліп, бірнеше рет республикалық және облыстық байқаулардың жүлделері атанды.

Балқия Сағындыққызы ардагерлер, аудан және облыс басшылығы құрметтейтін жауапты адам болды. Көп жылғы адал еңбегі үшін ол бірнеше рет ҚР Президентінің, облыс әкімінің, аудан әкімінің, облыстық ардагерлер кеңесінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Біз Балқия Сағындыққызының туыстары мен жақындарына көңіл айтып, қайғыларына ортақтасамыз және оның бейнесін ұзақ уақыт жүрегімізде сақтаймыз.

Қ. Омаров, О. Сағындықов, А. Рахметова, Т. Әбілмәжитов, А. Шеріпов, Д. Тоқужынов, Д. Тасмағанбетов, А. Қазисов, А. Қыраубаев, Ю. Портягин, С. Заев және басқалары.

Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер кеңесі Өтеуленова Балқия Сағындыққызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапханалық жүйесінің ұжымы Өтеуленова Балқия Сағындыққызының қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

<p>Директор - бас редактор Нелі ГОШЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Газета «Весті» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan juldyz» газеті редакцияда терісін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл к., Копуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 780</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырмасы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басымды болып табылады</p>
--	---	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қожажабалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ретсизияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады